

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі  
Министерство просвещения Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**Педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды орындауы бойынша әдістемелік ұсынымдар**

**Методические рекомендации по исполнению педагогами нормативных правовых документов в сфере инклюзивного образования**

**Астана  
2023**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2023 жылғы 12 мамырдағы № 2 хаттама)

Рекомендовано к изданию Научно-методическим советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №2 от 12 мая 2023 года)

Педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды орындауы бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 176 б.

Методические рекомендации по исполнению педагогами нормативных правовых документов в сфере инклюзивного образования – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2023. – 176 с.

Бұл нұсқаулықта хронологиялық реттілікпен нормативтік құқықтық құжаттарға кең шолу мен талдау ұсынылған, педагогтерге заманауи цифрлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, мемлекеттің инклюзивті саясатын іске асыру бойынша ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар мемлекетіміздің инклюзивті саясатын айқындайтын нормативтік құқықтық құжаттарды іске асыруда әдістемелік қолдау көрсету мақсатында білім беру ұйымдарының басшыларына, білім бөлімдері мен басқармаларының мамандарына, еліміздің әдіскерлері мен педагогтеріне арналған.

В данном пособии представлен широкий обзор и анализ нормативных правовых документов в разрезе хронологической последовательности, даны рекомендации педагогам по реализации инклюзивной политики государства, с использованием современных цифровых возможностей.

Методические рекомендации предназначены руководителям организаций образования, специалистам отделов и управлений образования, методистам и педагогам страны с целью оказания методической поддержки в реализации нормативных правовых документов, отражающих инклюзивную политику нашего государства.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2023  
Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина, 2023

## Кіріспе

Сапалы білім алуға қолжетімділік құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен ерекше білім беру қажеттіліктерінің алуан түрлілігін ескере отырып, жеке мүмкіндіктеріне қарамастан барлық білім алушыларға кепілдендірілген. Ерекше білім беруді қажет ететін азаматтарды сапалы оқытуға тең қолжетімді жағдай жасау болашақта үлкен артықшылықтарға ие. Бұл, ең алдымен, сәтті әлеуметтік бейімделу және өз қабілетін жүзеге асыру мүмкіндігі. Қазақстан Республикасының саясаты барлық азаматтардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени мәртебесіне қарамастан сапалы білім алуға құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекет басшысы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу» тапсырмасы берілді. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуі тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз» деп атап өтті.

Соңғы жылдары Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеу және оларды іске асыру бойынша көп жұмыстар атқарылды. Бірінші кезекте, саясаттың негізі барлық азаматтарға тегін орта білім беруге кепілдік беретін негізгі Заң – Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылатынын атап өту қажет. Еліміздің Үкіметі бірқатар халықаралық құжаттарға қол қойды, олардың арасында «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы», «Баланың құқықтары туралы», «Мүгедектердің құқықтары туралы», «Барлығына арналған білім туралы декларация» және басқа да бірқатар құжаттар бар.

Бұл фактілер еліміздегі инклюзивті саясатты одан әрі дамытудың қозғаушы күші болды. Соңғы жылдары заңнамалық құжаттарға өзгерістер енгізу бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, 2021 жылғы 26 маусымда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Бұл заң арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын енгізуді айқындайды және білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің қызметін реттейді. Сонымен қатар бұл құжатта мүгедектігі бар балаларды білім беру ұйымдарына қабылдау қағидаларын бұзғаны немесе олар үшін жағдай жасамағаны үшін білім беру ұйымдары басшыларының жауапкершілігі белгіленген.

Осылайша, мемлекеттің негізгі стратегиялары жақын арада инклюзивті білім берудің дамуын анықтайтын нормативтік құқықтық базада көрініс тапты. Демек, білім беру жүйесі барлық білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек, әркім өз құқықтарын білуі керек, оқуы керек және дамуы керек. Бұл мемлекеттің, Үкіметтің міндеті – білім алуға әртүрлі ерекше қажеттіліктері бар балалар тобына бағытталған дәйекті білім беру саясатына кепілдік беру. Инклюзивті саясат негізінде барлық білім беру ұйымдарында

инклюзивті практика мен инклюзивті мәдениетті дамыту қажет. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру процесіне қосу процесін тиімді іске асыру инклюзивті саясаттың негізгі қағидағтарын терең түсінбей және сақтамай мүмкін емес.

Инклюзивті саясатты дамыту негізінде инклюзивті білім беру тәжірибесін құру мемлекетке кез келген саладағы дарынды балалардан бастап мүмкіндігі шектеулі балаларға дейінгі барлық балаларды қолдауға мүмкіндік береді, бұл барлық балалардың жалпы білімін жақсарту үшін маңызды екенін түсінуге негізделген. Бұл тәсіл балалардың белгілі бір санатындағы қиындықтарға назар аудармай, барлық білім алушылардың әлеуетін дамытады. Инклюзия мектептің барлық әлеуметтік процестерін терең қамтиды, сонымен бірге кез келген баланың білім беру қажеттіліктеріне бейімделген моральдық, материалдық, педагогикалық ортаны қалыптастырады. Мұндай ыңғайлы жағдайларды тек білім беру процесінің барлық қатысушыларының тығыз командалық өзара әрекеттестігінде жасауға болады. Бұл жағдайда барлық балалар жетістікке жетуге, қауіпсіздікті және осы қоғамдағы өз орнын сезінуге мүмкіндік беретін қолдаумен қамтамасыз етіледі.

Бұл әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшыларына, еліміздің әдіскерлері мен педагогтеріне мемлекетіміздің инклюзивті саясатын айқындайтын нормативтік құқықтық құжаттарды іске асыруда әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталған.

## **1 Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Қазақстанның нормативтік құқықтық базасы**

Қазақстанда, әлемнің көптеген елдеріндегідей, инклюзивті білім беру білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыты болып табылады, өйткені дамыған халықаралық қоғамдастықта инклюзивті білім беру әрбір адамның қандай да бір кемсітусіз білім алу құқығын іске асыру құралы ретінде танылады.

Біздің мемлекетіміздің білім беруді дамыту саласындағы маңызды міндеті әрбір баланың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы мемлекеттік оқу орындарында балалардың тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу құқықтарын ҚР Конституциясында бекітіп [1], балалардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған бірқатар халықаралық құжаттарды ратификациялады, мысалы: БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың білім беру саласындағы принциптері, саясаты және практикалық қызметі туралы Саламанка декларациясы, Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция, білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы Конвенция және басқалар [2-5]. Сондай-ақ елімізде тәуелсіздік жылдарында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім беру қызметтерін алуын регламенттейтін инклюзивті және арнайы білім беру бойынша белгілі бір нормативтік құқықтық база қалыптасты. Мәселен, балалардың құқықтары, оның ішінде білім алуға ерекше білім беруді қажет ететін балалардың құқықтары «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы», «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңдарында көрсетілген [6-9].

Қазақстан Республикасында «Білім туралы» ҚР Заңында айқындалған инклюзивті білім беруді дамыту бойынша «ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс» ретінде нормативтік-құқықтық база әзірленді [6].

«Инклюзивті білім беру» термині ХХІ ғасырдың екінші онжылдығының басында (2011 жылы) елде ресми түрде енгізілгеніне қарамастан, әрбір баланың білім алу құқығы, сондай-ақ жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектігі бар балалар сияқты балалардың жекелеген санаттарының құқықтары «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» ҚР Заңында ХХІ ғасырдың басында (2002 жылы) бекітілген [7].

Қазақстанда, бұрынғы посткеңестік кеңістіктегі көптеген елдердегідей, инклюзивті білім берудің даму тарихын денсаулық жағдайына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға қолдау көрсету жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді талдай отырып, қарастыру керек. Бұл тәсіл мүгедектіктің медициналық моделіне негізделген, оған сәйкес баланың денсаулығындағы немесе

дамуындағы проблемалар бар кемшіліктерді, ақауларды түзету призмасы арқылы қарастырылады.

Осылайша, ХХІ ғасырдың басында «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының қабылдануымен заңнамалық деңгейде туғаннан бастап 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалардың жаппай кешенді медициналық, психологиялық, педагогикалық қолдау арқылы балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау және әлеуметтік тексеру мен кәсіби диагностика, оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызметтер және еңбекке баулу құқықтары бекітілді [8].

Жалпы, ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау жөніндегі ҚР заңнамалық базасының басым бөлігі мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптарында, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының арнайы топтарында оқытуды ұйымдастыру арқылы оларды жалпы білім беретін ортаға ішінара интеграциялауды көздейтін, мүмкіндіктері шектеулі балаларға интеграцияланған білім беруді дамытуға бағытталды, мүмкіндігі шектеулі балалар бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқуға және дефектолог-мамандардан (логопедтер, дефектологтар, олигофренопедагогтер, сурдопедагогтер, тифлопедагогтер және т.б.) түзету қолдауын алуға мүмкіндік алды.

ҚР-да инклюзивті білім беру бойынша нормативтік құқықтық базаны қалыптастырудағы маңызды кезең Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылы ҚР Білім және ғылымды дамытудың 2011-2020 жылдарға (бұдан әрі – МББҒМ) (I кезең – 2011-2015 жылдар, II кезең – 2016-2019 жылдар), 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекітуі болып табылады [10-11]. Соңғысы 4 негізгі көрсеткіш бойынша қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді іске асыруды көздеді:

- әлеуметтік салаға (жыл сайын) ЖБ және РБ шығындарының көлемінде «Балалар бюджетінің» үлесін ұлғайту;

- осы санаттағы балалардың жалпы санынан жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілерінің үлесі;

- инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының үлесі;

- бейнебақылаумен (ішкі және сыртқы), турниктермен қамтамасыз етілген білім беру ұйымдарының үлесі.

«Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының үлесі» көрсеткішімен 2025 жылға қарай мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың 100%-ы және жалпы білім беретін мектептердің 100%-ы, ТЖКБ мемлекеттік ұйымдарының 70%-ы және азаматтық жоғары оқу орындарының 70%-ы инклюзивті білім беру үшін жағдай жасайды деп жоспарланды.

Ұлттық білім беру деректер қорының (бұдан әрі – ҰБДҚ) деректері бойынша соңғы үш жылда инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің үлесі 2018 жылғы 60%-дан 2021 жылы 81,7%-ға дейін, яғни 21,7%-ға ұлғайды [12].

Сонымен қатар соңғы үш жылдағы жалпы орта білім берудегі инклюзивті білім берудің оң динамикасына қарамастан, қолданыстағы статистика мектептердің барлық білім алушылар үшін тең және сапалы құқық беруге дайындығын толық көрсетпейтінін атап өткен жөн. Осылайша, ҰБДҚ-да инклюзивті білім беру үшін нақты критерийлер айқындалмаған.

Статистикалық деректердің басым бөлігі ЭЫДҰ-ның ерекше білім беруді қажет ететін балаларының бірінші санаты бойынша ғана ұсынылған:

- медициналық тұрғыдан қарастырылатын мүмкіндігі шектеулі адамдар (*мысалы, сенсорлық, моторлық, неврологиялық қиындықтар*). Сонымен қатар екінші және үшінші санаттағы балаларды (*мінез-құлық немесе эмоциялық проблемалары бар адамдар және оқуда ерекше қиындықтары бар адамдар, әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени себептерге байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері пайда болатын адамдар*) инклюзивті білім берумен қамту бойынша статистика елде жоқ.

Сондай-ақ инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау бойынша ҰБДҚ-ның қолданыстағы көрсеткіштері инклюзивті білім берудің халықаралық тәсілдеріне сәйкес (мысалы, инклюзия индексі) мектепте инклюзияны дамытудың нақты процесін толық көрсетпейді. Осылайша, статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, ҰБДҚ-да көрсетілген мектептердің 81,7%-ы инклюзивті білім беру үшін толық жағдай жасады деп айту мүмкін емес, өйткені инклюзивті білім беру – бұл мектепте инклюзивті саясат, мәдениет, практика құруды көздейтін процесс.

ТМД, Еуропа және Америка елдерінде инклюзивті білім беруді енгізудің оң тәжірибесіне сүйене отырып, сондай-ақ отандық ғалымдар мен инклюзивті білім беруді енгізу практиктерінің тәжірибесіне сүйене отырып, табысты инклюзияның тиімді факторларының бірі ведомствоаралық өзара іс-қимыл болып табылады деген қорытынды жасауға болады

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасында ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың білім алу, медициналық, арнайы әлеуметтік қызметтер алу құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі әртүрлі мемлекеттік құрылымдардың өзара іс-қимылын көздейтін стратегиялық құжаттарға ерекше назар аударылады: «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысы, «Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 112-ө өкімі және т.б. [13-14].

2021 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 56-VII ҚРЗ ҚР Заңын қабылдауы еліміздің 30 жылдық тарихында инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны жетілдірудің прогрессивті кезеңі болды [15].

Аталған Заң ҚР «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Білім туралы» Заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді. Заңмен ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар), ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау анықтамалары берілді, мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің рөлі күшейтілді, жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламаларын бейімдеу мүмкіндіктері кеңейтілді, ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың) білім беру жүйесі ұсынған шектерде білім алу нысанын таңдау құқығын алу бойынша құқықтары кеңейтілді, сондай-ақ балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, инклюзивті білім беру үшін жағдай жасамағаны үшін мемлекеттік органдар мен білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының жауапкершілігі көзделді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау жөніндегі халықаралық құжаттарға талдау жүргізу үшін, бірінші кезекте, Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі – БҰҰ), БҰҰ Бас Ассамблеясы, білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі БҰҰ мамандандырылған мекемесі (ЮНЕСКО) және т.б. халықаралық ұйымдар қабылдаған инклюзивті білім беруге балалардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі негізгі стратегиялық құжаттарды қарау қажет. Бұдан әрі инклюзивті білім беру, оның ішінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты БҰҰ-ның стратегиялық құжаттарын іске асыру бойынша елдердің тәжірибесі ұсынылды.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217А (III) резолюциясымен қабылданған **Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы** әрбір адамның білім алу құқығын жариялаған алғашқы халықаралық құжаттардың бірі болып табылады [16].

#### 26-бап

1. Әр адамның білім алуға құқығы бар. Білім беру, ең болмағанда бастауыш және жалпы білім беру, тегін болуы тиіс. Бастауыш білім баршаға міндетті болуы тиіс. Техникалық және кәсіптік білім көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс және жоғары білім де, әркімнің қабілетіне қарай көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс.

2. Білім беру адамның жеке басының толық кемелденуіне және құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметті арттыруға бағытталуы тиіс. Білім беру барлық ұлттар, нәсілдік және діни топтары арасында түсіністік, шыдамдылық пен достық қарым-қатынас орнатуға ықпал жасап және Біріккен



Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қуаттау жолындағы жұмысына ықпал жасауы тиіс.

3. Ата-аналардың өздерінің жас балаларына білім беру түрін таңдауда құқығы басым.

Тең және сапалы білім алу құқығы алғаш рет БҰҰ-ның «**Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы**» Конвенциясында 1960 жылы [5] жарияланды, ол ҚР 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 449-V ҚРЗ Заңымен ратификацияланды.

4-бап

Осы Конвенцияның тараптары болып табылатын мемлекеттер, бұдан басқа, білім беру саласындағы мүмкіндіктер мен қарым-қатынастар теңдігін жүзеге асыру үшін ұлттық жағдайлар мен салт-дәстүрлерге сәйкес келетін әдістерді пайдаланатын жалпы мемлекеттік саясатты әзірлеуге, дамытуға және жүргізуге және атап айтқанда:

а) бастауыш білім беруді міндетті және тегін етуге; орта білім беруді оның түрлі нысандарында жалпыға бірдей игілік етуге және оның жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз етуге; жоғары білім беруді толық теңдік негізінде және әркімнің қабілеттеріне байланысты барлығына қолжетімді етуге; заңмен көзделген оқу міндеттілігінің сақталуын қамтамасыз етуге;

б) тең сатыдағы барлық мемлекеттік оқу орындарында бірдей білім беру деңгейі мен оқыту сапасына қатысты тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

с) бастауыш білім алмаған немесе оны аяқтамаған адамдарды және әркімнің қабілеттеріне сәйкес олардың білім алуды жалғастыруын білім берудің лайықты әдістерімен көтермелеуге және дамытуға;

д) оқытушы кәсібіне даярлықты кемсітушіліксіз қамтамасыз етуге міндеттенеді.

ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен ратификацияланған БҰҰ-ның «**Бала құқықтары туралы**» Конвенциясының (1989 ж.) негізгі идеясы қандай да бір кемсітушіліксіз тегін және міндетті білім алу құқығы болып табылады [2].

28-бап

1. Қатысушы мемлекеттер баланың білім алу құқығын мойындап, бұл құқықты жүзеге асыруға тең мүмкіндік негізінде біртіндеп қол жеткізу мақсатында, атап айтқанда:

а) тегін және міндетті бастауыш білім беруді енгізу;

ә) жалпы білім және кәсіби біліммен қатар орта білімнің барлық түрінің дамуын ынталандырып, оған барлық балалардың қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді және тегін білім беруді енгізу мен қажет болған жағдайда, қаржылай көмек көрсету сияқты қажетті шараларды қабылдайды;

б) әркімнің қабілеті негізінде барлық қажетті құралдар арқылы жоғары білімге баршаның қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді;

в) білім беру және кәсіби даярлық салаларына қатысты ақпараттар мен материалдарға барлық баланың қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді;

г) оқушылардың мектепке тұрақты баруы мен мектепті тастап кетуші оқушылар санын азайту жөнінде шаралар қабылдайды.

2. Қатысушы мемлекеттер мектептегі тәртіп баланың адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге бағытталған тәсілдер арқылы және осы Конвенцияға сәйкес орнықтырылуын қамтамасыз ететін шаралардың бәрін қолданады.

3. Қатысушы мемлекеттер білімге, соның ішінде бүкіл әлемдегі надандық пен сауатсыздықты жоюға және ғылыми техникалық білімге және қазіргі заманғы оқыту тәсілдеріне қол жеткізуді жеңілдету мақсатындағы мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты қуаттайды және дамытады.

**Баршаға арналған білім беру туралы декларациясының (1990 ж.) негізгі идеясы** – барлық адамдарға – балаларға, жастарға, ересектерге білім алу құқығын беру [17].

1-бап – базалық білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру

Барлық адамдарға – балаларға, жастарға және ересектерге олардың негізгі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған білім алу мүмкіндігі беріледі. Бұл қажеттіліктер дағдылардың қажетті көлемін де (оқи, жаза білу, ауызша сөйлей білу, міндеттерді есептей және шеше білу қабілеті), сондай-ақ адамдардың өмір сүруі, өзінің барлық қабілеттерінің дамуы, адамның қадір-қасиетін сақтау жағдайында өмір сүруі және жұмыс істеуі, дамуға жан-жақты қатысуы, өз өмірінің сапасын арттыруы, жан-жақты ойластырылған шешімдер қабылдауы және білім алуды жалғастыруы үшін қажетті оқытудың негізгі мазмұнын (білім, кәсіби дағдылар, құндылық) да қамтиды. Негізгі білімге деген қажеттіліктің ауқымы және оларды қанағаттандыру әдістері нақты елдер мен мәдениеттерге байланысты әртүрлі және уақыт өте келе олар сөзсіз өзгереді.

3-бап – білімге қолжетімділікке жалпыға бірдей сипат беру және теңдікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу

1. Негізгі білім барлық балаларға, жасөспірімдер мен ересектерге берілуі керек. Осы мақсатта базалық білім беру саласында жоғары сапалы қызметтер көрсетуді кеңейту және теңсіздікті қысқарту жөнінде дәйекті шаралар қабылдау қажет.

2. Негізгі білім тең негізде қамтамасыз етілуі үшін барлық балаларға, жасөспірімдер мен ересектерге білім алуға және оны қолайлы деңгейде ұстауға мүмкіндік берілуі керек.

3. Ең өзекті міндет – қыздар мен әйелдер үшін білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету және осындай білімнің сапасын арттыру, сондай-ақ олардың белсенді қатысуына кедергі келтіретін кез келген факторларды жою.

4. Жыныс белгісіне негізделген білім беру саласындағы барлық стереотиптерді жою қажет.

5. Білім берудегі сәйкессіздіктерді жою үшін белсенді күш салу қажет. Қызмет көрсету жоспарынан айырылған топтар кедей; панасыз және жұмыс істейтін балалар; ауыл халқы және шалғай аудандарда тұратын халық; көшпелілер мен еңбекші-мигранттар; байырғы топтар; этникалық, нәсілдік және тілдік азшылықтар; босқындар; соғыс қимылдары нәтижесінде жер аударылған

адамдар және оккупация жағдайында өмір сүретін адамдар – білімге қол жеткізу тұрғысынан қандай да бір кемсітушілікке ұшырамауға тиіс.

6. Мүгедектердің білімге деген қажеттіліктері ерекше назар аударуға тұрарлық. Білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде мүгедектердің барлық санаттары үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Мүгедек адамдардың құқықтары және олардың құқықтарын іске асыратын саясат Бас Ассамблеяның 1993 жылғы 20 желтоқсандағы 48/96 резолюциясымен қабылданған **Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты қағидаларымен** (1993) айқындалған [18]. Осы Қағидалар мүгедек адамдар мен олардың ұйымдары өз саясатын әзірлеп, өз қызметін құра алатын негіз болып табылады.

6-қағида. Білім беру

Мемлекеттер интеграцияланған құрылымдарда мүгедектігі бар балалар, жастар мен ересектер үшін бастауыш, орта және жоғары білім беру саласында тең мүмкіндіктер қағидатын мойындауы керек. Олар мүгедектігі бар адамдардың білімі жалпы білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болуын қамтамасыз етуі керек.

1. Интеграцияланған құрылымдарда мүгедектігі бар адамдардың білім алуы үшін жауапкершілік жалпы білім беру органдарына жүктелуі керек. Мүгедектігі бар адамдардың білім алуына байланысты мәселелер білім беру, оқу бағдарламаларын әзірлеу және оқу процесін ұйымдастыру саласындағы ұлттық жоспарлаудың құрамдас бөлігі болып табылуын қамтамасыз ету керек.

2. Жалпы білім беретін мектептерде оқыту аудармашылар мен басқа да тиісті көмекші қызметтерді қамтамасыз етуді қамтиды. Мүгедектіктің әртүрлі формалары бар адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған барабар қолжетімділікті және қосалқы қызметтерді қамтамасыз ету қажет.

3. Барлық деңгейдегі білім беру процесіне мүгедектігі бар балалардың ата-аналары топтары мен ұйымдарын тарту керек.

4. Білім беру міндетті болып табылатын мемлекеттерде оны мүгедектіктің әртүрлі нысандары мен дәрежелері бар, оның ішінде ең ауыр нысандары бар барлық балалар үшін қамтамасыз ету керек.

5. Келесі тұлғаларға ерекше назар аудару керек:

- a) мүгедектігі бар ең жас балаларға;
- b) мектеп жасына дейінгі мүгедектігі бар балаларға;
- c) мүгедектігі бар ересектерге, әсіресе әйелдерге.

6. Мүгедектігі бар адамдарға жалпы білім беретін мектепте білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін мемлекеттер:

a) мектеп деңгейінде және қауымның неғұрлым кең ауқымында түсінілетін және қабылданатын нақты тұжырымдалған саясатқа ие болуы тиіс;

b) оқу бағдарламаларының икемділігін, оларға қосымшалар және өзгерістер енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

c) жоғары сапалы оқу материалдарын ұсыну, педагогтерді тұрақты негізде даярлауды және оларға қолдау көрсетуді қамтамасыз ету міндетті.

7. Бірлескен оқыту мен қауымдық бағдарламаларды мүгедектігі бар адамдарды оқыту мен кәсіптік даярлаудың экономикалық тиімді жүйесінің қосымша элементтері ретінде қарастырған жөн. Қауымдық бағдарламаларға негізделген ұлттық бағдарламалар аясында жергілікті жерде мүгедектерге білім беруді қамтамасыз ету мақсатында қауымдарды өз ресурстарын пайдалануға және дамытуға ынталандыру қажет.

8. Жалпы мектептегі білім беру жүйесі барлық мүгедектердің қажеттіліктеріне әлі де сәйкес келмейтін жағдайларда арнайы оқытуды қарастыруға болады. Ол білім алушыларды жалпы мектептегі білім беру жүйесінде оқуға дайындауға бағытталуы керек. Мұндай оқытудың сапасы жалпы білім беру жүйесінде оқыту сияқты стандарттар мен мақсаттарға сәйкес келуі керек және онымен тығыз байланысты болуы керек. Мүгедектігі бар білім алушылар үшін, кем дегенде, мүгедектігі жоқ білім алушыларға секілді білім беру ресурстарының бірдей үлесін бөлу керек. Мемлекеттер арнайы оқу орындарын жалпы білім беру жүйесіне біртіндеп интеграциялауға ұмтылғаны жөн. Қазіргі уақытта арнайы оқыту кейбір мүгедектігі бар білім алушыларды оқытудың ең қолайлы түрі болып табылатыны белгілі.

9. Есту қабілеті, көру қабілеті зақымдалған адамдардың ерекше коммуникативті қажеттіліктеріне байланысты олардың оқуын арнайы мектептерде немесе осындай адамдар үшін арнайы сыныптарда немесе жалпы білім беретін мектептердегі арнайы топтарда ұйымдастырған дұрыс. Атап айтқанда, бастапқы кезеңде мәдени ерекшеліктерге сәйкес келетін оқытуға ерекше назар аудару керек, бұл қарым-қатынас дағдыларын тиімді игеруге және естімейтін немесе естіп-көрмейтін адамдардың максималды тәуелсіздігіне қол жеткізуге әкеледі.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы білім беретін мектептерде білім алуға құқықтарын іске асыру саласындағы маңызды халықаралық құжаттардың бірі – 1994 жылы Испанияда Саламанка қаласында қабылданған **«Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру саласындағы принциптер, саясат және практикалық қызмет туралы» Саламанка декларациясы** [3]. Төменде осы құжаттың негізгі ережелерінің бірі келтірілген.

2. Біз келесі туралы салтанатты түрде мәлімдейміз:

- әр баланың білім алуға негізгі құқығы бар және қолайлы білім деңгейін алуға және қолдауға мүмкіндігі болуы керек,

- әр баланың ерекшеліктері, қызығушылықтары, қабілеттері және оқу қажеттіліктері бар,

- білім беру жүйесін әзірлеу және білім беру бағдарламаларын осы ерекшеліктер мен қажеттіліктердің алуан түрлілігін ескере отырып орындау қажет,

- білім беру саласында ерекше қажеттіліктері бар адамдар жалпы білім беретін мектептерде оқуға қол жеткізе алуы керек, осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бірінші кезекте балаларға бағытталған педагогикалық әдістер негізінде жағдай жасалуы керек,

- осындай инклюзивті жағдайда білім беретін жалпы білім беретін мектептер дискриминациялық көзқарастармен күресудің, қауымдастықтарда қолайлы атмосфераны, инклюзивті қоғамды құрудың және барлығына білім берудің ең тиімді құралы болып табылады; сонымен қатар олар көптеген балалар үшін нақты білім береді және білім беру жүйесінің тиімділігі мен табыстылығын арттырады.

2000 ж. сәуірде Сенегалда, Дакарда өткен Дүниежүзілік білім беру форумына қатысушылар әр азамат және әр қоғам үшін білім берудің мақсаттарына қол жеткізуге және міндеттерін шешуге бағытталған **Дакар іс-қимыл шеңберін** [19] қабылдады.

3. Біз адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясына және Бала құқықтары туралы конвенцияға сүйене отырып, барлығына арналған дүниежүзілік білім туралы декларация тұжырымдамасын (Джомтиен, 1990) қайта растаймыз және әрбір бала, жас және ересек адам осы ұғымның ең жоғары және толық мағынасында өзінің негізгі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім алуға құқылы, яғни оған білім алуға, әрекет етуге, басқалармен бірге өмір сүруге мүмкіндік беретін білімге құқылы. Бұл әр адамның таланты мен әлеуетін ашуға және білім алушылардың жеке басын дамытуға бағытталған білім беру туралы, сондықтан адамдар өз өмірін жақсартып, өз қоғамдарын өзгерте алады.

34. Барлық жастар мен ересектерге құндылықтарды, көзқарастарды және кәсіби дағдыларды үйренуге және дамытуға мүмкіндік берілуі керек, бұл кейіннен олардың жұмыс мүмкіндіктерін кеңейтуге, қоғамдастыққа толық қатысуға және оқуды жалғастыруға мүмкіндік береді. Егер сол елдегі жұмыс күшінің белгілі бір бөлігінің толық орта білімі болмаса, ешбір ел заманауи және ашық экономика құра алмайды. Көптеген елдерде бұл орта білім беру жүйесін кеңейтуді талап етеді.

44. Жынысына, табысына, орналасқан жеріне немесе ұлтына қарамастан барлығына жоғары сапалы негізгі білім беруді қамтамасыз ету үшін үкіметтер мен барлық басқа білім беру серіктестері бірлесіп жұмыс істеуі керек. Білім беру бағдарламаларының табысты болуы мыналарға байланысты: (1) дені сау, жақсы тамақтанған және ынталы білім алушылар; (2) жақсы дайындалған педагогтер және белсенді оқыту әдістері; (3) сәйкес құралдар, жабдықтар және оқу материалдары; (4) педагогтер мен білім алушылардың білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, оқыту мен оқуды жергілікті тілде жүргізуге болатын тиісті оқу бағдарламалары; (5) оқуға қолайлы ғана емес, сонымен қатар жанашырлықпен, денсаулық пен қауіпсіздікпен сипатталатын оқу ортасы; (6) білімдерді, дағдыларды, көзқарастарды және құндылықтарды қоса алғанда, нақты анықталған және дәл өлшенген оқу нәтижелері; (7) барлық мүдделі тараптардың осы процестерге қатысуын қамтамасыз ету үшін басқару және ұйымдастыру жүйелері; (8) жергілікті қауымдастықтар мен мәдениеттерге құрмет және олардың осы іс-шараларға қатысуы

65. Барлығы үшін білім берудің маңызды шарты оқыту сапасы болуы керек. Осы процестің барлық серіктестері: оқытушылар мен білім алушылар, ата-

аналар мен қауымдастық мүшелері, денсаулық сақтау қызметкерлері мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары оқытуды қолдайтын ортаны құру үшін бірлесіп жұмыс істеуі керек. Оқу орындары мен бағдарламалардың жоғары сапалы білім беруін қамтамасыз ету үшін олар тиісті ресурстарды әділ негізде ұсынуы керек, ал негізгі талаптар қауіпсіз, экологиялық таза және оңай қолжетімді материалдық базаның болуы; жоғары уәжді және кәсіби құзыретті оқытушылардың; кітаптар мен басқа да оқу материалдарының; нақты жергілікті жағдайларға сәйкес келетін технологиялардың болуы шығындар тұрғысынан тиімді және барлық білім алушыларға қолжетімді.

66. Оқу ортасы да сау, қауіпсіз және адамдарға қамқорлық жасауға қолайлы болуы керек. Бұл ретте мыналарды қамтамасыз ету қажет: (1) сумен және тиісті санитарлық жағдайлармен қамтамасыз ету; (2) денсаулық сақтау және тамақтану қызметтеріне тікелей немесе жанама қол жеткізу; (3) педагогтер мен білім алушылардың физикалық, психоэмоционалдық және эмоциялық әл-ауқатын жақсартатын тиісті саясаттар мен мінез-құлық кодекстері; (4) өзін-өзі бағалауды, денсаулықты және жеке қауіпсіздікті арттыру үшін қажетті білімдерді, көзқарастарды, құндылықтарды және өмірлік дағдыларды меңгеруге ықпал ететін білім беру мазмұны мен тәжірибесі.

67. Әлеуметтік, мәдени және экономикалық шеттетудің құрбаны болған адамдарды анықтау және оларға қол жеткізу үшін тиімді стратегияларды әзірлеу өте қажет. Бұл отбасы, қоғамдастық және мектеп деңгейінде оқшаулану құрбандарының өздерін тарта отырып, талдауды, оқытудың әртүрлі, икемді және инновациялық тәсілдерін дамытуды және өзара құрмет пен сенімділікті қалыптастыратын ортаны құруды талап етеді.

68. Оқытуды бағалау оқу ортасын және байланысты процестер мен нәтижелерді бағалауды қамтуы керек. Оқыту нәтижелері когнитивтік және когнитивтік емес аспектілер тұрғысынан нақты анықталуы керек және оқыту мен оқу процесінің құрамдас бөлігі ретінде тұрақты бағалауға жатады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2015 жылы ратификациялаған **«Мүгедектердің құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы (2006) [4]** мүгедектігі бар балалардың білім алу құқықтарының негізгі кепілдіктерін бекітеді:

24-бап. Білім беру

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектігі бар адамдардың білім алуға құқықтарын таниды. Осы құқықтарды кемсітусіз және мүмкіндіктерінің теңдігі негізінде іске асыру мақсатында қатысушы мемлекеттер барлық деңгейлерде инклюзивті білім беруді және өмір бойы оқытуды қамтамасыз етеді, бұл ретте:

а) адами әлеуетін, сондай-ақ қадір-қасиеті мен өзін-өзі құрметтеу сезімдерін толық дамытуға және адам құқықтарын, негізгі бостандықтарын және адами алуан түрлілікті құрметтеуді күшейтуге;

б) мүгедектігі бар адамдардың жеке басын, талантын және шығармашылығын, сондай-ақ олардың ақыл-ой қабілеттерін толық көлемде дамытуға;

с) мүгедектігі бар адамдардың еркін қоғам өміріне тиімді қатысу мүмкіндігін беруге ұмтылады.

2. Бұл құқықты іске асыру кезінде қатысушы мемлекеттер:

а) мүгедектігі бар адамдар жалпы білім беру жүйесінен, ал мүгедектігі бар балалардың тегін және міндетті бастауыш білім беру немесе орта білім беру жүйесінен мүгедектік себебі бойынша шығып қалмауын;

б) мүгедектігі бар адамдардың өздерінің тұратын жерлерінде инклюзивті, сапалы әрі тегін бастауыш білім беруге және орта білім беруге басқалармен теңдей дәрежеде қолжетімділігін;

с) жеке қажеттіліктерді ескеретін жүйелі бейімдеумен қамтамасыз етілуін;

д) мүгедектігі бар адамдарды тиімді оқытуды жеңілдету үшін оларды жалпы білім беру жүйесінің ішінде қажетті қолдауға ие болуын;

е) білімді игеру мен әлеуметтік дамуға барынша ықпал ететін жағдайда, соған сай толық қамту мақсатындағы жеке қолдауды ұйымдастыру жөніндегі тиімді шаралардың қабылдануын қамтамасыз етеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алу құқығын реттейтін маңызды халықаралық нормативтік құқықтық құжаттардың бірі 2015 жылы Корея Республикасының Инчхон қаласында өткен Дүниежүзілік білім форумының қатысушылары қабылдаған **«Барлығы үшін инклюзивті және тең сапалы білім мен өмір бойы білім алуды қамтамасыз ету» Инчхон декларациясы** [20] болып табылады. Бұл Декларацияның мақсаты – дамудың негізгі драйвері ретінде білімнің маңызды рөлін мойындай отырып және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуде білім беру арқылы адамдардың өмірін өзгерту. 2015 жылдың 25 қыркүйегінде БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған 17 Тұрақты даму мақсаттары мен міндеттерінің бірі 4-мақсат – инклюзивті және тең сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін ілгерілету (ТДМ-4).

#### **Жан-жақты мақсат**

**Инклюзивті және тең сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығы үшін өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін ілгерілету**

11. Білім берудегі Тұрақты дамудың 2030 жылға дейінгі күн тәртібінің (4 ТДМ) негізгі мақсаты барлық деңгейлерде сапалы, инклюзивті және тең білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған және ТДМ «4 – Білім беру 2030» күн тәртібінің жаңа негізгі мүмкіндіктерін қамтиды.

12. Барлық балалар мен жастардың кемінде 12 жыл тегін, мемлекет қаржыландыратын, инклюзивті және тең сапалы, кемінде тоғыз жылдық міндетті кезеңмен бастауыш және орта білім алуына қолжетімділігі және түрлі әдістер арқылы мектепке бармайтын балалар мен жастардың сапалы білім алуына қолжетімділігі ретінде сапалы білім алуы қамтамасыз етілуге тиіс. Барлық жастар мен ересектердің функционалдық сауаттылық пен есептеу дағдыларын меңгеруі үшін оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, олардың белсенді азамат ретінде толыққанды қатысуын күшейту қажет. Сондай-ақ ерте жастағы балаларға кемінде бір жыл тегін және міндетті сапалы білім беруді ынталандыру керек.

13. Білім берудегі және білім беру арқылы теңдік пен инклюзивтілік қамтамасыз етілуге және білімге, қатысуға, үздіксіз білім алуға және оқуды аяқтауға, сондай-ақ оқыту нәтижелеріне қол жеткізудегі шеттету мен маргинализацияның барлық нысандары, теңсіздіктер жойылуы тиіс. Барлығына арналған инклюзивті білім беру білім алушылардың әртүрлілігі мен қажеттіліктерін қанағаттандыру және кемсітушіліктің көптеген нысандарымен күресу және білім алу құқығын жүзеге асыруға кедергі келтіретін жағдайларға, соның ішінде төтенше жағдайларға әрекет ету үшін трансформациялық мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру арқылы қамтамасыз етілуі тиіс. Гендерлік теңдік «ТДМ 4 Білім 2030» күн тәртібінің тағы бір негізгі ерекшелігі болғандықтан, ол ешкімді назардан тыс қалдырмас үшін гендерлік кемсітушілік пен осал топтарға ерекше көңіл бөледі. Ешқандай тәрбиелік мақсат барлығына қол жеткізбейінше орындалды деп есептелмейді.

14. Білім алу құқығының құрамдас бөлігі барлық деңгейлерде және барлық жағдайларда сәйкес, тең және тиімді оқыту нәтижелеріне әкелетін жеткілікті сапада білім беру болып табылады. Сапалы білім беру, ең аз дегенде, білім алушылардың функционалдық сауаттылық пен есептеу дағдыларын әрі қарай оқудың негізі ретінде, сондай-ақ жоғары деңгейдегі дағдыларды меңгеруін білдіреді. Бұл барлық білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білікті, дайындалған, жақсы жалақы алатын және ынталы мұғалімдер сабақ беретін, сәйкес педагогикалық тәсілдерді қолданатын және тиісті ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілген оқыту мен оқудың сәйкес әдістері мен бағдарламаларын және қауіпсіз, салауатты, гендерлік сезімтал, инклюзивті және жеткілікті ресурстармен қамтамасыз етілген және қолдау көрсететін оқу ортасы.

19. Миллиондаған балаларды, жастарды және ересектерді білім мен сапалы білім алудан айыратын әлеуметтік, мәдени және экономикалық кедергілерді жою үшін 2030 жылдан кейінгі тұрақты дамудың жалпы күн тәртібіне сәйкес сектораралық саясат пен жоспарлар әзірленуі немесе жетілдірілуі керек. Ұлттық деңгейде өзекті және шынайы белестер мен мақсаттар белгіленуі керек. Олар қажет болған жағдайда балаларды, жастарды және ересектерді шеттетуді тоқтату үшін білім беру мазмұнын, әдістерін, құрылымдарын және қаржыландыру стратегияларын өзгертуді қамтуы керек. Ликвидацияны жоюға арналған дәлелді саясаттар мен стратегиялар, мысалы, ақшалай жәрдемақы бағдарламалары, мектептегі тамақ/денсаулық сақтау қызметтерімен қамтамасыз ету, оқу материалдарымен және көлік қызметтерімен қамтамасыз ету, қайта даярлау/екінші мүмкіндік бағдарламалары арқылы ақшалай кедергілерін жоюды, инклюзивті мектеп қызметтері, инклюзивті білім беруде педагогтерді шеттетуді жою үшін тіл саясатын қамтуы мүмкін. Білім берудегі маргинализацияны талдау, теңсіздікті азайту мақсаттарын белгілеу және осы мақсаттарға жетудегі ілгерілеуді бақылау үшін барлық елдер халық топтарының нақты сипаттамалары бойынша бөлінген деректерді жинауы, талдауы және пайдалануы және теңсіздікті азайту жолындағы прогресті өлшейтін көрсеткіштерді қамтамасыз етуі керек.



21. Мүгедектер тап болып отырған сапалы білімге қолжетімділік саласындағы елеулі қиындықтарды және пәрменді шараларды қолдау үшін деректердің жетіспеушілігін ескере отырып, сапалы білім беруге және оның нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге және мүгедектік жағдайындағы балаларды, жастар мен ересектерді оқытуға ерекше назар аудару қажет.

22. Қолжетімділікті нығайту білім беру мен оқытудың сапасы мен өзектілігін жетілдіру жөніндегі шаралармен сүйемелденуге тиіс. Оқу орындары мен бағдарламаларында барабар ресурстар және қауіпсіз, экологиялық таза және оңай қолжетімді үй-жайлар, білім алушыларға бағдарланған және бірлескен іс-әрекетке сүйенетін белсенді педагогикалық әдістерді пайдаланатын, сондай-ақ кемсітпейтін, оқуға ықпал ететін, білім алушыларға бағдарланған, нақты жағдайға бейімделген, барлық білім алушылар – балалар, жастар мен ересектер үшін үнемді және қолжетімді оқулықтар, басқа да педагогикалық материалдар, ашық білім беру ресурстары мен технологиялары болуға тиіс.

Педагогтер мен тәрбиешілерге тиісті құқықтар мен мүмкіндіктер беріліп, тиісті түрде жалданып, тиісті сыйақы алуы, сапалы дайындықтан өтуі, тиісті біліктілік пен уәждемеге ие болуы, бүкіл білім беру жүйесі шеңберінде әділ және пәрменді түрде бөлінуі және жеткілікті ресурстарға ие, пәрменді және тиімді басқарылатын жүйелерден қолдау алуы үшін педагогтерге қатысты саясат пен ережелер әзірлеу қажет.

Құралдарды, оқу орталарын, процестер мен нәтижелерді бағалауды қоса алғанда, оқыту сапасын бағалау жүйелері мен әдістерін құру немесе жетілдіру қажет. Тиісті когнитивті және когнитивтік емес оқыту нәтижелерін нақты анықтау және оқыту мен оқу процесінің құрамдас бөлігі ретінде үздіксіз бағалау қажет. Сапалы білім азаматтарға салауатты және қанағаттанарлық өмір сүруге, негізделген шешімдер қабылдауға және жергілікті және жаһандық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін дағдыларды, құндылықтарды, көзқарастарды және білімдерді дамытуды қамтиды. Сапа мен инновацияны қамтамасыз ету ғылымды, технологияны, инженерлік-математикалық білім беруді де күшейтуді талап етеді.

Міндеттер мен мүмкін стратегиялар:

30. Барлығына 12 жылдық тегін, мемлекет қаржыландыратын, инклюзивті, тең құқықты, сапалы бастауыш және орта білім беруді кемінде тоғыз жыл ең төменгі міндетті мерзіммен қамтамасыз ету қажет, ол оқытудың тиісті нәтижелерін қамтамасыз етеді. Тегін білім беру бастауыш және орта білім алуға қол жеткізу жолындағы экономикалық кедергілерді жоюды қамтиды.

Балалар мен жасөспірімдердің ауқымды контингентіне білім беру мен даярлау саласында елеулі мүмкіндіктер беру үшін мақсатты және дәйекті шұғыл шаралар қабылдау қажет.

Мүмкін стратегиялар:

34. Балаларға 12 жылдық тегін, мемлекет қаржыландыратын, инклюзивті, тең құқықты, сапалы бастауыш және орта білім беруге кепілдік беретін, оқытудың тиісті нәтижелерін қамтамасыз ететін кемінде тоғыз жыл міндетті мерзімі бар саясат пен заңнаманы әзірлеу. Елдер әртүрлі елдердің даму

жағдайларын, мүмкіндіктері мен деңгейлерін және ұлттық стратегиялар мен басымдықтарды ескере отырып, жаһандық деңгейде белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу үшін тегін және міндетті білімнің ұзақтығын арттыруға тиіс.

Басқару, есеп беру және серіктестік

Мұғалімдер мен тәрбиешілер және олардың ұйымдары негізгі серіктестер болып табылады және саясатты әзірлеу, жоспарлау, жүзеге асыру және мониторингтеудің барлық кезеңдеріне тартылуы тиіс.

Білім беру саласының педагогтері мен қосалқы қызметкерлері:

- білім алушылардың шынымен білім алуын қамтамасыз ету үшін өз кәсібилігі мен адалдығын пайдалану;

- саясат, оны әзірлеу және жоспарлау мәселелері бойынша диалог шеңберінде оқыту шынайылығына назар аудару және саясат пен практиканы жақындастыруға жәрдемдесу, өзінің практикалық тәжірибесі және жалпы саясат пен стратегияны әзірлеу үшін ұжымдық пікір мен білім туралы ақпарат беру

- инклюзивтілікке, сапа мен теңдікке және оқу бағдарламалары мен педагогикалық әдістерді жетілдіруге ықпал ету.

Тиімді үйлестіру

89. Инклюзивті және тиімді аймақтық үйлестіру деректерді жинау және мониторингілеу, соның ішінде елдер арасындағы өзара шолу, әріптестерді оқыту және озық тәжірибемен алмасу, саясатты әзірлеу, барлық тиісті серіктестермен диалог және серіктестік, ресми кездесулер мен жоғары деңгейдегі іс-шаралар, аймақтық стратегиялар, коммуникация, ақпараттық-насихаттау және қаражат жинау, әлеуетті арттыру және бірлескен жобалар сияқты мәселелерді шешеді.

Мониторинг, бақылау және дәлелді саясатқа шолу

Сапаны, теңдікті және инклюзивтілікті жақсырақ өлшеу және бақылау үшін үкіметтердің жоспарлау мен саясатты әзірлеу кезінде деректерді дұрыс бөлу және тиімді пайдалану мүмкіндігін күшейту қажет. Әріптестер мүше мемлекеттерге олардың бағалау және бақылау мүмкіндіктерін күшейту үшін СИЮ-мен және сәйкесінше басқа агенттіктермен тығыз ынтымақтастықта тікелей және мақсатты қолдау көрсетеді. СИЮ елдерде, әсіресе Африкада, нашар дамыған елдерде, теңізге шығу жолы жоқ дамушы елдерде, шағын аралдық дамушы мемлекеттерде және кірісі орташа елдерде деректер жүйесін нығайту бойынша озық тәжірибе алмасуға жәрдемдеседі. Білім беру саласындағы ұлттық жоспарларға сапа шеңберлерін енгізуді қамтамасыз ету және елдерде теңдік, инклюзивтілік және оқыту нәтижелері мониторингінің әлеуетін құру қажет.

Қаржыландыру

Инвестицияларды меншікті капиталға, қамтуға және сапаға бағыттау: көптеген жүйелер үшін теңдікті, инклюзивтілікті және сапаны байыпты қамтамасыз ету инновациялық тәсіл болып табылады. Ағымдағы және болашақтағы барлық инвестицияларды келесі өлшемге сәйкес талдау керек: олар барлық адамдардың, соның ішінде ең маргиналданған және осал адамдардың өмірі мен әл-ауқаты үшін қажетті білім, дағдылар мен көзқарастарды және олардың білім алу құқығын толық жүзеге асыруды қамтамасыз ете ала ма?

Инчхон декларациясында «Инклюзивті және әділ сапалы білім беру мен өмір бойы білім беруді қамтамасыз ету» деп белгіленген барлығына сапалы тең білім беруді қамтамасыз ету мақсаты сонымен қатар «Инклюзивтілік және білім беру: барлығы – бұл шын мәнінде бәрі» атты білім беру мониторингі бойынша баяндама-түйіндеме [21] атты дүниежүзілік баяндамада көрініс тапты, онда елдердің 4-ші ТДМ-ның жетістіктеріне мониторинг жүргізілді. Баяндамада инклюзивтілік мәселелеріне, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға ерекше назар аударылды.

Негізгі тезистер

Білім беру мүмкіндіктері тұлғаға, қоршаған ортаға және қабілеттерге байланысты.

Еуропа мен Солтүстік Америкадағы табысы жоғары елдерді қоспағанда, орта мектепті бітірген әрбір 100 ең бай жастың 18-і ғана кедей түлектерден келеді. Кемінде 27 елде, негізінен Сахараның оңтүстігіндегі Африкада, кедей ауылдық отбасынан шыққан қыздардың ешқайсысы толық орта білім алмайды.

Дискриминация тетіктері, стереотиптер мен стигмаларды қалыптастыру шеттетілу қаупі бар барлық білім алушылар үшін ұқсас.

Инклюзивті білім берудің анықтамасы елдердің 68%-да әзірленген, бірақ бұл анықтамалардың тек 57%-ы бірден бірнеше маргиналды топты қамтиды.

Қол жеткізілген прогреске қарамастан, көптеген елдер өздерін шеттетілген сезінетін адамдар жөнінде деректерді әлі де жинамайды, ұсынбайды және пайдаланбайды.

2015 жылдан бері әлем халқының 13%-ын құрайтын елдердің 41%-ы білім берудің негізгі көрсеткіштері бойынша бөлшектелген деректерді алу және жариялау үшін үй шаруашылығына сауалнама жүргізген жоқ; ең аз қамтылған аймақтар Солтүстік Африка мен Батыс Азия. Вашингтон тобының қысқа мерзімді мүгедектік сауалнамасына жауап берген 14 елден алынған соңғы деректер мүгедектігі бар балалар мектептен тыс халықтың 15% құрайтынын көрсетеді.

Миллиондаған адам білім алу мүмкіндіктерінен айырылған.

Соңғы 15 жылда орташа табысы бар елдерде оқуға қабылдау 25 пайыздық тармаққа өскенімен, 15 жастағы балалардың төрттен үш бөлігі ғана мектепке баруды жалғастыруда. Олардың жартысы ғана негізгі білімді меңгереді, бұл көрсеткіш көрсетілген мерзімде өзгеріссіз қалды. Сонымен қатар көптеген бағалаулар білім алушылардың дағдыларының деңгейін асыра бағалайды: Латын Америкасының 15 еліндегі аймақтық бағалауда білім алушылардың төрттен үш бөлігі кездейсоқ болжамнан артық емес бірнеше таңдау сұрақтарына жауап бергенде оқуды меңгергені анықталды.

Инклюзивті білім берудегі негізгі кедергілердің бірі оның шынайы және қажетті екендігіне сенімсіздік болып табылады.

2018 жылы табысы жоғары және ортадан жоғары 43 елдегі әрбір үшінші педагог білім алушыларының мәдени әртүрлілігін көрсету үшін оқытуға түзетулер енгізбейтінін хабарлады.

Кейбір елдер инклюзивті болу жолында, бірақ сегрегация әлі де кең таралуда.

Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін елдердің 25% (бірақ Азия мен Латын Америкасы және Кариб бассейні елдерінің 40%-дан астамы) оқшауланған білім беруді, 10% мүгедектерді интеграциялауды және 17% инклюзивті білім беруді қамтамасыз етеді; қалған елдерде бір немесе басқа нысанда сегрегация мен бірлескен оқудың үйлесімі қарастырылған. ЭЫДҰ елдерінде барлық иммигрант білім алушылардың 66%-дан астамы білім алушылардың кем дегенде жартысы иммигранттар болатын мектептерге барады.

Педагогтер, оқу материалдары және оқу орталары әртүрліліктің артықшылықтарын жиі ескермейді.

48 білім беру жүйесіндегі педагогтердің 25%-ға жуығы ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытуда біліктілікті арттыру қажеттілігі туралы хабарлайды. Әлемнің 41 елінде ымдау тілі ресми тіл ретінде танылған.

### **Ұсынымдар**

1. Инклюзивті білім беру туралы түсінікті кеңейту: ол жеке басына, әлеуметтік ортасына және қабілеттеріне қарамастан барлық білім алушыларды қамтуы керек.

21) жалпы білім беретін мектеп – білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, арнаулы оқу мен жеке дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;

21-7) инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс;

42-1) мектепке дейінгі ұйым – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын, жеке дамыту бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;

45) мемлекеттік білім беру тапсырысы - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта білім беру, мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-

педагогикалық қолдау, балаларға қосымша білім беру жөнінде, экономиканың қажеттілігін қамтамасыз ету, білікті жұмыс күші мен қоғамның зияткерлік әлеуетін молықтыру үшін кадрларды даярлау, білікті жұмыскерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жөнінде, сондай-ақ білім беру жүйесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жөнінде мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсетулер көлемі;

45-3) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау – қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені;

49-2) орта білім беру ұйымы – мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;

50-3) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.

5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

11) мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

11-3) білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

11-4) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

6-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті

2. Облыстың жергілікті атқарушы органы:

3) ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқытуды, олардың білім беру ұйымдарында білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасауды, әмбебап дизайн және (немесе) ақылға қонымды ыңғайлылық қағидаттарын ескере отырып, мемлекеттік құрылыс нормалары мен стандарттарына сәйкес білім беру ұйымдарының ғимараттарына, құрылысжайлары мен үй-жайларына қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

8-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер

1-1. Мемлекет ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға (балаларға) олардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру жүйесі ұсынған

шекте білім алу нысанын таңдау құқығын беруді қоса алғанда, олардың өзін-өзі жетілдіруіне, білім берудің барлық деңгейлерінде өмір бойы оқуын жалғастыруына, өздерінің қабілеттерін еркін дамытуына жағдайлар жасайды.

6. Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

11-бап. Білім беру жүйесінің міндеттері

Білім беру жүйесінің міндеттері:

14) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасау болып табылады.

14-бап. Білім беру бағдарламалары

2-тармақтың төртінші бөлігі.

Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді.

9. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, білім беру ұйымы лицензиясы болған жағдайда әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыруға құқылы.

Білім беру ұйымдары ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқыту үшін білім беру бағдарламаларын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктеріне және әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдейді.

19-бап. Арнайы оқу бағдарламалары

1. Арнайы оқу бағдарламалары мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары және техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары негізінде әзірленеді және мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға және дамытуға бағытталады, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялар ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын психикалық-физикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескереді.

3. Арнайы оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген арнаулы білім беру ұйымдарында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында немесе үйде іске асырылады.

26-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына қабылдауға қойылатын жалпы талаптар

2. Білім беру ұйымы қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) қабылдауды қамтамасыз ететін мектепке дейінгі ұйымдарға және орта білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында айқындалады.

31-бап. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру

1. 1-сыныпқа оқуға балалар алты жастан қабылданады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар орта білім алу үшін алты – он жастан білім беру ұйымдарына қабылдана алады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ескеріле отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте білім беру бағдарламаларына сәйкес бастауыш және негізгі орта білім алудың ұзақтығы он жылдан кем болмауға тиіс.

43-бап. Білім беру ұйымдарының құзыреті

3. Білім беру ұйымдарының құзыретіне мынадай функциялар:

2) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

2-1) қысқартылған оқыту мерзімімен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

2-3) білім беру бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру;

2-4) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жеке дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

13-1) білім алу үшін арнаулы жағдайлар жасау.

6-2. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар психологиялық-медициналық-педагогикалық зерттеп-қарау және консультация беру бағдарламаларын іске асырады.

6-3. Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен оңалту орталықтары түзеу-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады.

44-бап. Білім беру ұйымдарын басқару

5-1. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау олардың кәсіби әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау бір елді мекен шегінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларына ротация жүргізу мерзімдері мен шарттары мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларында айқындалады.

45-бап. Еңбек қатынастары және білім беру ұйымы басшысының жауапкершілігі

3. Білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

4-1) білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бұзғаны немесе білім алу үшін арнаулы жағдайлар жасамағаны.

49-бап. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері

1. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:



1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;

4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

56-бап. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары

3. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары инклюзивті білім беру ескеріле отырып әзірленеді.

62-бап. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік қаржыландыру

6-3. Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің санын және бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құнын қамтуға тиіс.

«Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39-III ҚРЗ Заңымен [9] мүгедек адамдардың арнаулы білім, медициналық және әлеуметтік қызметтерді алуына кепілдіктер анықталды.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

8) мүгедек бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертiгулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемiстiктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегiз жасқа дейiнгi адам.

10) мүгедектердi әлеуметтiк қорғау – мүгедектерге әлеуметтiк көмек көрсету, оңалту, сондай-ақ олардың қоғамға етене араласуы жөнiндегi шаралар кешенi.

9-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Білім беру саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың білім алуын қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша оқып жүрген мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стипендиялар тағайындау мен төлеудің тәртібін әзірлейді; 4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15-бап. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау

Мүгедектерге көрсетiлетiн әлеуметтiк көмек мемлекеттiк жәрдемақылар, өтемақылар түрiндегi төлемдердi және Қазақстан Республикасының

заңнамасында көзделген өзге де, оның ішінде қайырымдылық есебінен берілетін төлемдерді де қамтиды.

25-бап. Мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз ету

1. Жергілікті атқарушы органдар міндетті:

1) ұлттық стандарттарға сәйкес елді мекендерді жобалау, салу және оларда құрылыс жүргізу, тұрғын аудандарды қалыптастыру, жаңадан игерілетін және реконструкцияланатын аумақтар мен басқа да елді мекендерді абаттандыру кезінде мүгедектердің тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттарға, құрылысжайларға және үй-жайларға кіріп-шығуын.

29-бап. Мүгедектерге білім алуы және мектепке дейінгі тәрбие алуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету

1. Мүгедектерге тегін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуға кепілдік беріледі.

2. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектер мен мүгедек балалар үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді.

3. Білім беру гранттарын алуға, сондай-ақ жоғары білімді кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдауға арналған конкурстарға қатысу кезінде балдары тең болған жағдайда, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бірінші және екінші топтағы мүгедектердің, бала кезінен мүгедектердің, мүгедек балалардың "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 5-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес артықшылықты құқығы болады.

4. Мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын мүгедектерге стипендиямен қамтамасыз ету жөніндегі жеңілдіктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

6. Мүгедек балаларды жалпы немесе арнаулы мектепке дейінгі ұйымдарда және басқа оқу орындарында тәрбиелеу мен оқыту мүмкін болмаған жағдайда, оларды тәрбиелеу мен оқыту ата-анасының немесе заңды өкілдерінің тілегі ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үйде жүргізіледі.

7. Мемлекет мүгедектердің, бала кезінен мүгедектердің және мүгедек балалардың білім алуы кезеңінде оларды күтіп-бағуға жұмсалған шығыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара көтереді.

**«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 114-IV заң [29] өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдар**

(отбасылар) үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер – өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені.

6-бап. Адам (отбасы) өмірлік қиын жағдайда деп танылуы мүмкін негіздер

1. Адам (отбасы) мынадай негіздер бойынша өмірлік қиын жағдайда жүр деп танылуы мүмкін:

1) жетімдік;

2) ата-ана қамқорлығының болмауы;

3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девиантты мінез-кұлық;

4) кәмелетке толмағандардың арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы;

5) туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық даму мүмкіндіктерінің шектелуі;

6) дене бітімі және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;

7) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;

8) жасының егде тартуына байланысты, бұрынғы ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

9) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау;

10) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

11) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы;

12) пробация қызметінің есебінде болу.

10-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Білім беру саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын субъектінің меншік нысанына қарамастан, әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптары мен оларды аттестаттау қағидаларын әзірлейді және халықты әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша бекітеді;

4) әлеуметтік қызметкерлер мамандықтарының тізбесін, оларды даярлау мен біліктілігін арттыру стандарттарын бекітеді;

5) мыналарды:

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша мониторинг жүргізуді;

халықтың арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілігіне талдау жүргізуді;

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз етеді;

б) мыналарды:

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы бақылауды;

жеке және заңды тұлғалармен, халықты әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мемлекеттік органдармен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасауды;

осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады..

14-бап. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау

1. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер айқындайтын өмірлік қиын жағдайда жүрген адамның (отбасының) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілігін бағалау және айқындау негізінде жүзеге асырылады.

2. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікке бағалау жүргізу және оны айқындау кезіндегі критерийлер:

1) тыныс-тіршілігінің шектелуі;

2) әлеуметтік бейімсіздік;

3) әлеуметтік депривация;

4) қолайсыз әлеуметтік орта болып табылады.

3. Әлеуметтік жұмыскер осы Заңның 13-бабында көрсетілген адамдардан өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде аудандардың, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тапсырмасы бойынша осы Заңның 8-бабы 2) тармақшасының бесінші абзацында белгіленген тәртіппен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықты бағалауды және айқындауды жүргізеді.

4. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау негізінде қорытынды дайындайды, онда қызметтің түрі, алушының санаты, қызмет көрсетілетін жер, қызметтің көрсетілу ұзақтығы, қызметтің мазмұны, жеке ерекшеліктері айқындалады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын іске асырумен айналысатын мемлекеттік органдар арасында туындайтын қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының негізгі заңдарын қарап, білім алушылардың білім алуға, оның ішінде психологиялық-педагогикалық қолдауға құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру тетіктерін айқындайтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын талдауға көшеміз.

Білім беру ұйымдарының қызметін регламенттейтін үкіметтердің маңызды қаулыларының бірі **«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысы** болып табылады [30]. Осы қаулыда білім беру ұйымдары қызметкерлерінің, оның ішінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіне кіретін педагогтердің жекелеген лауазымдары бойынша үлгілік штаттары бекітілді.

29. Білім беру ұйымдарында қажет болған жағдайда балаларды (тәрбиеленушілердің, білім алушылардың) бейіндік оқыту мен тәрбиелеуге сәйкес келетін, сондай-ақ өткізілетін үйірмелік, спорт, емдеу іс-шараларына қарай лауазымдардың (директордың бейін бойынша оқыту жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, ұйымдастырушы педагог, әлеуметтік талдаушы, сүйемелдеуші, көркемдік жетекші, костюмер, суретші, киномеханик, сахна жұмысшысы, музыкалық аспаптардың күйін келтіруші, өндірістік оқыту шебері, дене шынықтыру және еңбекке баулу жөніндегі нұсқаушы, қосымша білім беру педагогы, музыкалық жетекші, мұрағатшы, экономист және басқалар) штат бірліктері қосымша белгіленеді.

2. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттары

Жалпы білім беретін мектептерде педагог-ассистент лауазымы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынысы бойынша белгіленеді.

Елімізде инклюзивті және арнайы білім беруді дамытудың маңызды кезеңі Президент Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 26 маусымдағы **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Қазақстан Республикасының Заңына қол қоюы болды [15], оған сәйкес балалардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың құқықтарын реттейтін төрт заңға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.

2. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.

3. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 Заңы.

4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

Оның негізінде арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы енгізіледі және білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің қызметі реттеледі. Құжат ерекше білім беруді қажет ететін балаларды білім беру мекемелеріне қабылдау қағидаларын бұзғаны немесе олар үшін жағдай жасамағаны үшін білім беру

ұйымдары басшыларының жауапкершілігін белгілейді. Сондай-ақ, заңда мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және консультациялар бағдарламаларын іске асыру арқылы оларды білім беру ортасына қосу арқылы оларға әмбебап көзқарас көзделген.

**«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен [31] мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі айқындалған.**

2-қосымша: Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

7. Жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, білім берудің әрбір деңгейін алуға қол жеткізу жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, кешкі, сырттай оқыту, экстернат, қашықтықтан оқыту нысанында жүзеге асырылады.

9. Білім беру ұйымдарында ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту:

1) үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жалпы сыныпта (үш баладан артық емес);

2) және (немесе) арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша даму бұзылыстарының түрлері негізіндегі арнайы сыныптарда қарастырылған.

10. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды жалпы білім беретін ұйымнан арнайы білім беру ұйымына ауыстыру психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымының негізінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы [32]** педагогтерді аттестаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібін айқындайды.

1-параграф. Педагогтерге кезекті біліктілік санаттарын беру тәртібі

65. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектептерде сабақ беретін педагогтер дипломда көрсетілген мамандыққа сәйкес

кезекті біліктілік санатын беруден өтеді, бұл ретте портфолиода ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жөніндегі материалдар көрсетіледі.

**«Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы [33]** меншік нысанына, ведомстволық бағыныстылығына және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік (орта білімнен кейінгі), арнайы, мамандандырылған, қосымша білім беру ұйымдарының қолдануы үшін міндетті.

3-тарау. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру

31. Инклюзивті білім беру шеңберінде 30-тармақта көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы [33]** тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына; тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне; тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

3-тарау. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

31. Инклюзивті білім беру шеңберінде 30-тармақта көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

**«Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы [34]** меншік нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік (орта білімнен кейінгі), арнайы, мамандандырылған, қосымша білім беру ұйымдарының қолдануы үшін міндетті және ұйымдық-құқықтық нысаны.

3-тарау. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру

1-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының басшысы (директор, меңгерушісі)

3-параграф. Бастауыш білім беру ұйымы басшысының (директорының) орынбасары

4-параграф. Білім беру ұйымы (негізгі орта, жалпы орта) басшысының (директорының) оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

5-параграф. Білім беру ұйымы (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) басшысының (директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

6-параграф. Білім беру ұйымы (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) басшысының (директорының) бейіндік оқыту, ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

7-параграф. Барлық мамандықтардың пән мұғалімдері

9-параграф. Педагог-психолог, білім беру ұйымдарының психологі

10-параграф. Орта білім беру ұйымдарының арнайы педагогі (мұғалім-дефектолог, дефектолог, мұғалім-логопед, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог)

11-параграф. Білім беру ұйымының педагог-ассистенті

12-параграф. Білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогі

13-параграф. Педагог-кәсіби бағдар беруші

**«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы [35] бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібі

15. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау өлшемшарттарына өзгерістер енгізеді.

3-тарау. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі

66. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға және жеке оқу бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға қорытынды аттесттау өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес шешеді.

Арнайы білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын аудандық, қалалық білім бөлімдері немесе білім басқармасы әзірлейді.

**«Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру**



қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы [36].

Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды беру қағидалары  
2-тарау. Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарды беру тәртібі

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыға негізгі орта білім туралы аттестат беру үшін білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негіздеме болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 5-қосымша

Негізгі орта білім туралы аттестат

Осы нысанды толтыру бойынша түсіндірме: арнайы мектепте, арнайы сыныптарда және инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар) арналған.

**«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы [37].**

Осы бұйрыққа сәйкес білім беру ұйымдары ерекше білім беруді қажет ететін балалардың барлық санаттары үшін білім беру ұйымдарында түзету-дамыту ортасын құру үшін жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етіледі.

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы [38].** Әдістеме мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің (бұдан әрі – білім берудің барлық деңгейлері) жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативін есептеуде бірыңғай тәсілдемені айқындайды және білім беру ұйымының жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру көлемі мен мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін жоспарлау үшін қолданылады.

2-параграф. Орта білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру көлемін есептеу алгоритмі

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бір білім алушыға жылына білім беру процесінің шығыстар нормасы 2-ге көбейтіледі.

**«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы [39]** ерекше білім беру қажеттіліктерді бағалаудың тәртібін анықтайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

4. Білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі келесіні қамтиды:

1) мұғалімнің (тәрбиешінің) әрбір білім алушының (тәрбиеленушінің) әлеуметтік-эмоционалдық әл-ауқатын және оқу-танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін бақылауды, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін критериалды бағалауды пайдалана отырып, оқу-тәрбие процесі барысында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың анықтауын;

2) психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) келісімімен оқыту қиындықтары бар балалардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін тереңдете зерделеуін және бағалауын;

3) білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың тереңдетілген тексеру нәтижелері бойынша оқыту қиындықтары бар балаларға ПМПК-ға ерекше білім беру қажеттіліктерін одан әрі бағалауын;

4) психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінде және оңалту орталықтарында балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін пәнаралық ұжымдық бағалауды.

**«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы [40]** білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру тәртібін реттейді.

Психологиялық-педагогикалық қолдап отыруға:

1) тәрбиеленушінің/білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауды және бағалауды;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар педагогтер мен тәрбиеленушінің/білім алушының отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсетуді;

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтиды.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-ө өкімі «Балалардың хал-ахуал индексін бекіту туралы» [41]** индексі балалардың хал-ахуалын және әртүрлі салаларда балаларға жағдай жасауға бағытталған ұлттық саясаттың тиімділік дәрежесін бағалау мақсатында әзірленді.

**«Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысы [42].**

Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспардың (бұдан әрі – ұлттық жоспар) мақсаттары Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялауға байланысты Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттемелерді іске асыру және 2030 жылға дейін Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту шеңберінде барлық осал топтар үшін қолайлы орта құру арқылы инклюзивті қоғамды қалыптастыру болып табылады.

**«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы [43].**

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылады:

б) білім алушылар компьютерлік тестілеу рәсімдерінен босатылады және мынадай жағдайларда оқыту нәтижелерін бағалауға жататын білім алушылар контингентінің тізімдік құрамына енгізілмейді: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындылары (ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін);

13. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

14. Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

Соңғы жылдары елімізде инклюзивті саясат айтарлықтай қарқынмен дамып келеді, бірқатар халықаралық құжаттар ратификацияланды, заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге көптеген өзгерістер енгізілді, барлық мүдделі тараптардың қатысуымен әртүрлі деңгейлерде талқылаулар өтуде. Сапалы білім

алуға қолжетімділік құқығы ерекше білім беру қажеттіліктерінің әртүрлілігін ескере отырып, жеке мүмкіндіктеріне қарамастан барлық білім алушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен кепілдендірілген. Ерекше білім беруді қажет ететін азаматтарды сапалы оқытуға тең қол жеткізу үшін жағдай жасау болашақта үлкен артықшылықтарға ие.

## 2 Қазақстандық мектептерде инклюзивті тәжірибелерді іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау

ҚР Тәуелсіздік жылдарында біздің елімізде балалардың құқықтарын, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін 50-ге жуық нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Қазақстанның инклюзивті саясаты халықаралық конвенциялардың талаптарына сәйкес дамуда (15 халықаралық құжат ратификацияланды, оның біріншісі – «Бала құқықтары туралы Конвенция» болды). Білім беру саласындағы стратегиялық құжаттар, нормативтік құқықтық актілер «Баршаға қолжетімді және жалпыға қолжетімді сапалы білім беруді қамтамасыз ету және өмір бойы оқытуды насихаттау» № 4 тұрақты даму мақсатына қол жеткізу мақсатында әзірленеді (Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2015 жылғы 5 қыркүйекте штабқа қабылдаған 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты даму саласындағы күн тәртібі – БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтері).

Мемлекет басшысы Қ.Қ. Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс», – деп атап өтті. «Инклюзивті білім беру» ұғымы ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық балалардың білім алу құқықтарына кепілдік бере отырып, «Білім туралы» ҚР Заңында бекітілген. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында «Білім беру саласындағы қолжетімділік пен теңдікті қамтамасыз ету» 3 «Сапалы білім беру» жалпыұлттық басымдығының бірінші кезектегі міндеті ретінде айқындалған.

Мемлекет басшысы Қ.Қ. Тоқаев 2021 жылғы 26 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. 2022 жылы балалардың әл-ауқатының индексі бекітілді.

Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету міндеті «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында қойылғанын атап өту маңызды. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының маңызды бағыттарының бірі (28.03.2023 ж. № 249ҚР ҮҚ) «тең бастапқы мүмкіндіктер жасау» 1-бағыты айқындалды, оның нысаналы индикаторларының бірі «Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының үлесі» болып табылады.

Мемлекет басшысының ҚР стратегиялық құжаттарында еліміздің педагогикалық қоғамдастығы алдына қойған баршаға бірдей және сапалы білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі міндет, балалардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияларды ратификациялау, тәуелсіздік жылдарында инклюзивті білім беру саласында нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеу мемлекеттік деңгейде Қазақстанда қалыптасқан инклюзивті саясаттың құрылғанын куәландырады. Бұл ретте, халықаралық тәжірибе [44], сондай-ақ

инклюзивті білім беру саласындағы озық ғылыми зерттеулердің деректері [45, 46] білім беру ұйымдары әкімшілігінің, білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін мамандардың, күнделікті практикалық қызметте инклюзивті саясатты іске асыратын мектеп педагогтерінің нормативтік-құқықтық құзыреттерін қалыптастыру қажеттігін көрсетеді.

Осыған байланысты, осы құзыреттердің қалыптасу деңгейін, сондай-ақ олардың дамуына кедергі келтіретін себептерді анықтау үшін осы тарауда БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Инклюзивті білім беру орталығы жүргізген 2023 жылғы сәуірде өткізілген инклюзивті білім беру ортасын құру мәселелері бойынша еліміздің жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің сауалнамасының нәтижелерін қоса алғанда, соңғы үш жылдағы кейбір зерттеулерге талдау ұсынылады. Орталық жүргізген зерттеулердің деректері білім беру ұйымдарының инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау жөніндегі ҚР Білім министрлігінің статистикалық деректерімен, ЮНИСЕФ жүргізген алдыңғы зерттеулердің деректерімен салыстырылады. Теориялық деректермен қатар, инклюзивті тәжірибелерді енгізу бойынша еліміздің білім беру ұйымдарының оң тәжірибесі ұсынылатын болады, сондай-ақ инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша Инклюзивті білім беру орталығының жұмыс тобының ұсынымдары зерделенетін болады.

*БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА Инклюзивті білім беру орталығы жүргізген ғылыми зерттеулерді талдау*

2021 жылы ҚР БҒМ тапсырысы бойынша БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА қызметкерлері еліміздің мектептеріндегі инклюзивті білім берудің жағдайын зерделеуге, психологиялық-педагогикалық қолдаудың мектеп қызметтерінің қызметіне мониторинг жүргізуге бағытталған екі ірі зерттеу жүргізді. Осы зерттеулердің қорытындылары бойынша бастауыш мектепте 12 жылдық білім беру шеңберінде инклюзивті орта жағдайында оқыту процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар [47] және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша мониторинг жүргізу қорытындылары бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді [48].

2021 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА Инклюзивті білім беру орталығы [47] жүргізген зерттеудің мақсаты орта білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім берудің жағдайын зерделеу және қазіргі қазақстандық мектепте инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар әзірлеу болды.

Аталған зерттеу шеңберінде бірнеше міндеттер қатарын орындау қажет болды:

- деректерді жинау (зерттеу алаңынан жиналған деректер: мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің баяндамалары, білім беру және денсаулық сақтау жүйелері бойынша статистикалық деректер);

- деректерді талдау;

- Қазақстандағы орта білім беру ұйымдарында инклюзивті білім берудің ағымдағы жағдайын сипаттау;

- зерттеу қорытындыларын есепке алып, инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу объектісі ретінде Қазақстанның орта білім беру ұйымдары анықталды.

Зерттеу пәні ретінде орта білім беру ұйымдарында инклюзивтілік қағидаттарын іске асыру процесі анықталды.

Зерттеудің негізгі гипотезасы ретінде: «Қазақстанда инклюзивті білім беру бар, алайда практикада инклюзивті білім беру қағидаттарын іске асырудың жеткілікті жүйелі және дәйекті түрде құрылған тәсілдері байқалмайды» деген тұжырым алынды.

Сол себепті зерттеудің негізгі сұрақтары ретінде келесі сұрақтар анықталды:

- Қазақстандағы инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайы қандай?

- Инклюзивті білім беруді дамыту бойынша Үкіметпен қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін нені қолға алу керек?

Деректердің шындыққа сәйкестілігін қамтамасыз ету мақсатында триангуляция әдісі таңдалды. Бұл өз алдына деректерді жинаудың сандық және сапалық әдістерін қолдануды білдіреді. Сандық әдістердің ішінде сауалнама, сапалық әдістердің ішінде интервью және қолда бар деректерді: Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, соңғы жылдағы басқа да зерттеулер деректерін және Қазақстанның білім беру жүйесіндегі соңғы 3 жылдағы статистикалық деректерді талдау іске асырылды.

Интервью жүргізу үшін еліміздің 5 өңірі анықталды: Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстары. Іріктеу жергілікті білім беру басқармалары мамандарын, сонымен қатар ПМПК, ППТК, ҮЕҰ өкілдерін қамтыды [47].

Сапалық деректерді жинау мақсатында интервьюді жүргізу кезінде келесі маңызды міндеттер орындалды:

- мүдделі тараптардың көзқарастарын жинау;

- ашық сұрақтарға жауап алу;

- елімізде және өңірде инклюзивті білім беруді дамыту процестері туралы хабардарлық деңгейін анықтау.

Осыған байланысты интервью барысында келесі сұрақтарға жауап алынды:

- Мүдделі тараптардың, білім беру процесі қатысушыларының елімізде инклюзивті білім беруді дамыту жолындағы болып жатқан өзгерістерге қатынасы қандай?

- Инклюзивті практика орындарда қалай іске асады?

- Қалай көрініс табады?

- Нендей жетістіктер бар?

- Қандай мәселелер шешуді талап етеді?

Сауалнаманы жүргізудің мақсаты – сандық деректерді жинау, мұндайда екі басты міндет қойылды:

- орта білім беру ұйымдарында инклюзивті саясатты іске асыруда республикалық тенденцияны анықтау: түсіну, қабылдау, практикада қолдану;

- процеске қатысушылар арасында инклюзия мәселелері жөнінде хабардарлықты арттыру.

Сауалнама нәтижесінде негізгі сұраққа жауап беру қажет болды: республикалық деңгейде орта білім беру аясында инклюзивті білім беру аспектілерін түсіну және енгізу деңгейі қандай?

Зерттеудің мақсатты аудиториясын 14 облыстан және республикалық маңызды бар 3 қаладан барлығы 70 720 респондент, оның ішінде 16 763 педагог, 51 412 ата-ана, 723 ПМПК маманы және 1 822 ППТК маманы құрады.

17 өңірден мектептер бөлінісінде оқыту тілі қазақ 84 қалалық және 263 ауылдық мектептер және оқыту тілі орыс 48 қалалық және 112 ауылдық мектептер, сонымен қатар оқыту тілі аралас (қазақ, орыс) 76 қалалық және 118 ауылдық мектеп, барлығы 701 мектеп қатысты. Осылайша сауалнамаға барлық мектептер санының 10%-ы қатысты.

Сауалнама құрылымы 4 сауалнаманы қамтиды: педагогтер, ата-аналар, ПМПК және ППТК мамандары. Онлайн сауалнаманы жүргізу үшін Google Forms сервисі пайдаланылды.

Сауалнамаға педагогтердің өңірлік бөліністе қатысуына талдау жасайтын болсақ, сауалнамаға қатысқан барлығы 16 736 педагогтің ішінде жоғары көрсеткіштер педагог-респонденттердің жалпы санынан ШҚО (12%), Жамбыл (10%) және Атырау (9%) облыстарынан байқалды [1-сурет, 47].

Сауалнама бастауыш, орта және жоғары буын педагогтерін, сондай-ақ мектеп мамандары мен әкімшілігін қамтыды. Қатысушылардың ең көп үлесін орта және жоғары буын педагогтері құрады, олар сауалнамаға қатысқан педагогтердің жалпы санының 59%-ын құрады. Респонденттердің ең аз үлесін мектеп директорлары құрады, олар сауалнамаға қатысқан педагогтердің жалпы санының 2%-ын құрады [4-сурет, 47].

Сауалнамаға қатысқан педагогтердің біліктілік санаттарына келетін болсақ, олардың ең көп санын педагог-сарапшылар (21%) және педагог-модераторлар (20%) құрады.

Респонденттердің еңбек өтіліне қатысты жалпы көрсеткіштерге тоқтала келе ескере кететін жайт, респонденттердің басым бөлігін 6-15 жыл еңбек өтілі бар (31%) педагогтер, ПМПК және ППТК мамандары құрайды [7-сурет, 47].

Жүргізілген сауалнаманың деректеріне сәйкес сауалнамаға ең көбі жалпы білім беретін мектептердің педагогтері қатысты. Респонденттердің ең аз санын халықаралық мектептерде жұмыс істейтін респонденттер құрайды [8-9-сурет, 47].

Жүргізілген сауалнама деректеріне сәйкес, сауалнамаға ауылдық жерлердегі педагогтер мен ата-аналардың қатысу көрсеткіші жоғары [10-сурет, 47].

Осылайша, сауалнама қатысқан педагогтердің элеуметтік-демографиялық және кәсіби сипаттамаларын талдау педагогтердің басым көпшілігі жоғары білімі бар, орта және жоғары буында сабақ беретін, негізінен «педагог-модератор» және «педагог-сарапшы» біліктілігі бар, жұмыс тәжірибесі 6-15 жылды құрайтын педагогтер деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді [47].



Қазақстанның орта білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім берудің жағдайын зерттеу деректерін талдау инклюзивті білім берудің үш аспектісі: инклюзивті мәдениет, инклюзивті саясат, инклюзивті практика шеңберінде жүргізілді.

Инклюзивті практика қалыптасқан инклюзивті саясат пен инклюзивті мәдениет негізінде дамитынын ескере отырып, орта білім берудегі инклюзивті практиканың жағдайын талдау БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясында және балалардың тең сапалы білім алу құқықтарын регламенттейтін басқа да халықаралық және отандық құжаттарда бекітілген инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттарын (1-қосымша) сақтауды ескере отырып жүргізілді.

### **1-қосымша. Инклюзивті білім беру қағидаттары**

1. Адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістіктерімен өлшенбейді
2. Әрбір адам сезінуге, ойлауға қабілетті
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа түсуге құқылы
4. Барлық адамдар бір-біріне мұқтаж
5. Шынайы қарым-қатынас негізінде ғана сапалы білім алуға болады
6. Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді
7. Кез келген адамның жетістіктері қолынан келетін істерімен өлшенуі тиіс
8. Әртүрлілік адамды тек дамыта түседі.

*Дереккөз: Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру бойынша дүниежүзілік конференция: қолжетімділік және сапа (Саламанка, Испания, 7-10 маусым 1994 ж.),*

[https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/pdf/salamanka.pdf](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/pdf/salamanka.pdf)

Зерттеу барысында еліміздің білім беру ұйымдарында инклюзивтік практиканы іске асыруды реттейтін қолданыстағы нормативтік құжаттар инклюзивтілік индикаторларына сәйкестігі тұрғысынан зерделенді [44].

Қазақстанның білім саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілерін талдау инклюзивті практиканың құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан ратификациялаған адам құқықтары жөніндегі халықаралық конвенцияларда, «Бала құқықтары туралы» ҚР Заңында, сондай-ақ бірқатар заңға тәуелді актілерде қаланғанын көрсетті. Сонымен қатар Инклюзивті білім беру мониторингі шеңберінде [49] және Инклюзия индексында [44] сипатталған инклюзивті практиканы дамытудың тиімділігіне қол жеткізу үшін оны дамыту жөніндегі жүйелік тетіктерді қамтамасыз ету қажет: инклюзивті практика индикаторларын (2-қосымша) және оларды іске асыру тетіктерін нақтылау қажет.

### **2-қосымша. Инклюзивті тәжірибе индикаторлары**

- 1) мектеп сапалы білім алу үшін барлық білім алушыларға тең мүмкіндіктер береді;
- 2) мектеп білім алушылардың үлгерімі мен жетістіктеріне мониторинг жүргізеді;
- 3) мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалған;

4) мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке мүмкіндіктерін қанағаттандыру үшін жағдайлар жасалады;

5) мектепте психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау қызметі тиімді жұмыс істейді;

Зерттеуге қатысушы мектеп директорларының 60%-ы инклюзивті білім беру жағдайында балаларды оқытуға дайын болу үшін материалдық-техникалық (МТБ және жарақтандыру) және кадрлық ресурстар (мамандар) қажет екенін хабарлады. Инклюзия жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру респонденттердің 26,7%-ы маңызды деп санайды. Инклюзивті практиканы қамтамасыз ету үшін қажетті әдістемелік ресурстардың болуы (оқулықтар, ОӘК, педагогтарға арналған дидактикалық құралдар, бейімделген оқу бағдарламалары және т.б.) мектеп басшыларының 10% сәйкес өзекті болып табылады.

Бұл нәтижелер 2021 жылғы маусымда «Білім туралы» ҚР Заңында айқындалған білім алу үшін арнайы жағдайлар жасамағаны үшін мектеп әкімшілігінің рөлі мен жауапкершілігін түсінетіндігін айғақтайды. [6]. Ұлттық білім беру деректер қорының (бұдан әрі – ҰБДҚ) деректері бойынша Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы Ұлттық баяндамада ұсынылған статистикалық деректердің мониторингі 2011-2021 жылдар кезеңінде инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының үлесінің 19,1-ден 81,7%-ға дейін ұлғаюы туралы куәландырады [73]. Сонымен қатар ЮНЕСКО [46] және инклюзивті білім беру саласындағы басқа да озық зерттеулерге сәйкес тең сапалы білім беру үшін жағдай жасаудың маңызды факторларының бірі болып табылатын ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтердің біліктілігін арттырудың маңыздылығын түсінетін педагогтердің үлесі аз.

2021 жылы мектеп директорларының біліктілікті арттыру курстарынан өтуі туралы статистикалық деректерді талдау мектеп басшыларына арналған қысқа мерзімді 80 сағаттық курстардың тақырыптары «білім беруді цифрландыру жағдайында сындарлы жоспарлау мен оқу процесін тиімді басқарудың негізі ретінде қашықтықтан басқару», «білім беруді жаңғырту жағдайындағы көшбасшылық және менеджмент» сияқты тақырыптарды қамтитынын көрсетті. Бұл ретте мектеп басшылары үшін инклюзивті білім беру мәселелері бойынша курстар өткізілмеді.

«Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен бірлескен жұмыс және оларды психологиялық-педагогикалық қолдау» (кеңес беру, ата-аналарға арналған мектептерді, отбасылық клубтарды ұйымдастыру және т.б.) тек екі респонденттің сөзінде айтылды (6%). Мектеп әкімшілігінің білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара іс-қимылдың рөлі туралы жеткіліксіз түсінігі де мектеп басқарушыларының біліктілігін арттыру қажеттігін көрсетеді, оның ішінде мектеп әкімшілігінің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру жөніндегі функционалдық міндеттері бойынша [40], оның құрамына білім алушылардың ата-аналары да кіреді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының сауалнамасының нәтижелері бірыңғай ұйымдастырушылық модель негізінде ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатын іске асыруға бағытталған мамандардың топтық жұмысы бақыланбайтынын көрсетті, бұл

сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының біліктілігін арттыру қажеттілігін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды (БҒМ № 4 бұйрығы) және психологиялық-педагогикалық қолдау процесін (БҒМ № 6 бұйрығы) регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді орындау мәселелері бойынша куәландырады.

Зерттеуге қатысушылардың ешқайсысы тек бағдарламаны жасау кезінде ата-аналардың пікірлерін жанама есепке алу туралы бір мәлімдемені қоспағанда ата-аналардың ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке оқу бағдарламаларын әзірлеуге тікелей қатысуы туралы оң жауап берген жоқ. Бұл ретте БҒМ № 6 бұйрығына сәйкес ата-аналар ерекше қажеттіліктерді бағалауға және психологиялық-педагогикалық қолдау процесіне, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын құруға қатысады.

Сұхбатқа сәйкес, әлеуметтік педагогтің функционалдық міндеттері «бұлыңғыр», оның қызметі туралы нақты түсінік жоқ. Әлеуметтік педагогтердің көбі материалдық көмек көрсету бойынша ұйымдастырушылық функцияларды орындайды (тегін тамақтану, киім сатып алу және т. б.), бұл ретте жеткілікті уақыты жоқ және балалармен жеке жұмыс, агрессивтілік деңгейін төмендетуге бағытталған тренингтік сабақтарды жүргізу үшін; мектептегі және әлеуметтік бейімсіздіктің алдын алу бойынша профилактикалық жұмысты және балалармен басқа да диагностикалық-профилактикалық жұмыстарды жүзеге асыру үшін кәсіби білімі жоқ. Бұл факт әлеуметтік педагогтердің № 338 БҒМ бұйрығымен айқындалған функционалдық міндеттерді жеткіліксіз түсінгендігін көрсетеді. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басқа мамандары сияқты, әлеуметтік педагогтер ерекше қажеттіліктерді бағалауға және психологиялық-педагогикалық қолдау процесіне қатысады. Осы процестерді сапалы іске асыру үшін олар БҒМ № 4, 6 бұйрықтарын басшылыққа алуы, барлық білім алушыларды сүйемелдеу мәселелері бойынша, ППҚҚ мамандарымен, ата-аналармен және басқа да мүдделі органдармен командалық жұмыс мәселелері бойынша біліктілігін уақытылы арттыруы қажет.

## **2-бағыт. Оқытуды даралау және жекелендіру**

### *Мәселелер:*

Респонденттердің бейімделген оқу бағдарламалары мен жеке оқу жоспарларының (ЖОЖ) болуы туралы оң жауабына қарамастан, осы сұхбаттарды талдау мектеп ұжымдарының осындай құжаттарды әзірлеудегі қиындықтарын көрсетеді. Респонденттердің 50%-дан астамы ЖОЖ-ның балалардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін орташа деп санайды, зерттеуге қатысушылардың 20%-ы төмен баға береді.

Зерттеуге қатысушылардың жартысынан астамының (57%) сіз ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың дамуына мониторингті қалай жүргізесіз сұрағына мәлімдемелері, бұл ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуда мониторинг және кешенді қолдау мәселелерінің мазмұнын жеткіліксіз

түсінуді, сондай-ақ балалардың даму деңгейін бағалау көрсеткіштерінің белгісіздігін көрсетеді.

Сабақтарды бақылау нәтижелері бойынша жекелеген оқушылардың оқу процесіне әлсіз қатысуы анықталды. Сонымен, қатысқан сабақтардың 30 %-ы балалардың көпшілігі белсенділік танытпағанын және сыныптағы ұжымдық жұмысқа қатыспағанын көрсетеді. Жұмыстарды бағалаудың нақты критерийлерін түсіндіру және талқылау, кері байланыс, оқушылардың өзін-өзі бағалауы, сыныптастарының жұмысын бағалау сияқты әдістер сабақтардың көбінде байқалмады.

Пән мұғалімдерінің шамамен 40%-ы балалардың дағдыларын қалыптастыру кезінде балалардың денсаулық жағдайын, жасын және даму деңгейін ескере отырып, олардың максималды мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескермейді. Мұғалімдердің 45,8%-ы өз сабақтарында объективті және дәлелді бағалау көрсеткен жоқ.

Бұл нәтижелер педагогтардың көпшілігінің ерекше білім беруді қажет ететін балаларымен жұмыс істеуге дайын еместігі туралы инклюзивті білім беру жағдайын алдыңғы зерттеу нәтижелерін және инклюзивті тәжірибелерді енгізу, оның ішінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын жасау және әзірлеу, сондай-ақ инклюзивті білім беру саласында НҚА білімін қолдану мәселелері бойынша біліктілікті арттыру қажеттілігін растайды.

### **3-бағыт. Инклюзивті білім беру бойынша НҚА-ны жетілдіру**

#### *Мәселелер:*

Қазіргі уақытта елде инклюзивті тәжірибелерді жүзеге асыру үшін қажетті нормативтік база құрылды, ал кейбір нормативтік құқықтық актілер жетілдіруді талап етеді. Мысалы, елімізде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету процесі БҒМ № 6 [40] бұйрығымен реттеледі, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (бұдан әрі – ППҚК) құрамына келесілер кіреді: әкімшілік, педагогтар (мұғалімдер, тәрбиешілер, психолог (педагог-психолог), логопед (мұғалім-логопед), арнайы педагог, әлеуметтік педагог, педагог-ассистент), білім беру ұйымының қызметкерлері, тәрбиеленушілер / білім алушылар, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) және олардың ата-аналары (заңды өкілдері). Сондай-ақ «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет қызметінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығына сәйкес (бұдан әрі – ҚР ОАМ № 377 бұйрығы) психологиялық қызметтің жұмысы білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық салауаттылығын сақтау және нығайтуға бағытталған [74]. Қызмет құрамына: орта білім беру ұйымы басшысының (директорының) орынбасары, педагог-психолог (штат кестесіне сәйкес),

әлеуметтік педагог кіреді. Бұл ретте сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, медицина қызметкерлері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау процесіне қатысады және лауазымдық міндеттеріне сәйкес ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды. Жоғарыда көрсетілген бұйрықтардың қайталануын болдырмау, сондай-ақ барлық білім алушыларға сапалы психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау процесінің барлық қатысушыларының қызмет ережелері мен функционалдық міндеттерін сипаттайтын бірыңғай психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің тәртібін регламенттей отырып, осы құжаттарды жетілдірген жөн.

Елдегі инклюзивті саясатты жүзеге асырудағы тағы бір маңызды кедергі – ерекше білім беру қажеттіліктерінің медициналық моделінен әлеуметтік-педагогикалық қажеттіліктерге әлсіз көшу. БҒМ бұйрығына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау ерекше білім беруді қажет ететін балалардың үш тобына көрсетілетініне қарамастан: мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары бар балалар; әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік мәдени сипаттағы кедергілері бар балалар; даму мүмкіндігі шектеулі балалар, жүргізілген зерттеу нәтижелері ППҚҚ мамандары бірінші кезекте арнайы сыныптарда оқитын мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау және түзету қолдауын көрсететінін көрсетеді. Аталған сыныптарда айқын бұзушылықтары бар білім алушылар үшін арнайы жағдайлар жасалған: балалардың шектеулі саны, арнайы бағдарлама, бұзушылықтарды түзету бойынша сабақтар (психикалық бұзылулардың кешігуі, есту, көру қабілетінің бұзылуы). Бұл ретте басқа факторларға байланысты оқытуда, коммуникацияда, әлеуметтенуде қиындықтары бар ерекше білім беруді қажет ететін балалар қажетті психологиялық-педагогикалық қолдаусыз қалады. Осыған байланысты оқу-әдістемелік кабинеттердің, мектеп әкімшілігінің әдіскерлері, ППҚҚ мамандары БҒМ № 4, 6, 385 бұйрықтарымен айқындалған ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік-педагогикалық сыныптамасын түсіндіру бойынша педагогтармен жүйелі жұмыс жүргізу және оқытудың қандай да бір кезеңінде қажет болуы мүмкін барлық білім алушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсету қажеттілігі психологиялық-педагогикалық қолдау және жеке-дамытушылық қолдау көрсетуі қажет.

Зерттеу нәтижелерін талдау сонымен қатар оларды сәтті әлеуметтендірудің маңызды факторы болып табылатын ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу бойынша педагогтардың тәжірибесінің болмауы мәселесін анықтады. Қолданыстағы НҚА сәйкес білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу функциялары білім беру ұйымы басшысының (директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына (директорына); бейіндік оқыту, ғылыми-әдістемелік жұмыс бойынша білім беру ұйымы басшысының (директорының) (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) орынбасары; педагог-кәсіптік бағдар берушіге; педагог-психологқа, барлық мамандықтағы мұғалімдерге жүктелген [34]. Осы функцияларды жүзеге асыру

кезінде педагогтер білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне және ерекше білім беру қажеттіліктеріне ерекше назар аударуы, ҚР МЖМБС сәйкес негізгі орта және жалпы орта білім алудың негізгі мақсаты болып табылатын олардың кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етуі қажет. Кәсіби бағдарлаудың барлық кезеңінде жасөспірімдердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктеріне сәйкес кәсіби жоспарларын құру кезінде педагогтер білім алушылардың ата-аналарымен, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен, педагог-кәсіптік бағдар берушімен, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен және басқа да мүдделі тұлғалармен тығыз ынтымақтастықта болуы тиіс. Осыған байланысты педагогтер кәсіптік бағдар беру, психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша негізгі НҚА-ны меңгеруі қажет. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды кәсіпті саналы түрде тандауға дайындау бойынша педагогтерге Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың диагностикасын жүргізу және кәсіптік бағдарын айқындау бойынша әдістемелік ұсынымдар [75], экономиканың 9 негізгі саласын қамтитын еңбек нарығында талап етілетін жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы [76], Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдар үшін ұсынылатын кәсіптер мен сабақтар атласы [77], кәсіптік бағдар беру жұмысы және жастарды жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелері [78, 79], сондай-ақ Ұлттық білім академиясы әзірлеген әдістемелік ұсынымдар [69, 80] елеулі көмек көрсетеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім сапасына әсер ететін факторларды талдау, білім беру процесіне қатысушылардың барлығының пікірін зерделеу қорытындылары бойынша инклюзивті білім беруді дамытудың жетекші факторы педагогикалық ұжымның ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге дайындығының жоғары деңгейі болып табылатыны анықталды.

Мектеп директорларымен сұхбатқа сәйкес, барлығы 4 респондент (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 13%) соңғы 3 жылда педагогтердің 70%-дан 95%-на дейін инклюзивті білім беру курстарынан өткенін хабарлады. Бірнеше курстық дайындықтан өткені туралы (16% дейін) сауалнамаға қатысқан 8 респондент хабарлады (немесе 27%). 3 жыл ішінде инклюзивті білім беру курстарынан педагогтердің жалпы санының 20-35% және 40-63% өткені туралы 9 пікір тіркелді. Сонымен қатар респонденттер ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу үшін курстардың мазмұны олардың қажеттіліктерін толық қанағаттандырмайтынын, көп жағдайда оларға практикалық сабақтар, тренингтер мен шеберлік сыныптары қажет екенін айтты.

Сауалнамаға қатысқан мектеп мұғалімдерінің 80%-ы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға сабақ беру үшін ең аз арнайы білімі бар екенін, 20%-ы арнайы білімінің жоқтығы туралы хабарлады. Бірде-бір респондент өзінің арнайы білімі ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу үшін жеткілікті деген пікір білдірген жоқ.


Осылайша, зерттеу барысында алынған нәтижелер инклюзивті білім беру саласындағы педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру, даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктерін ғана емес, білім алушылардың әртүрлі білім беру қажеттіліктеріне жауап беру дағдыларын қалыптастыру мақсатында педагогтердің үздіксіз кәсіби даму қажеттілігін көрсетеді.

Инклюзивті білім беру ортасын құру бойынша жалпы білім беретін мектептер педагогтерінің қызметін бағалауды зерделеу, сондай-ақ инклюзивті білім беру саласындағы НҚА-ны педагогтердің орындауы бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу мақсатында 2023 жылғы сәуірде Инклюзивті білім беру орталығымен зерттеу жүргізілді, оған 43 929 педагог қатысты. Зерттеу республикалық маңызы бар қалаларды қоса алғанда, еліміздің барлық 20 өңірінде «Google Forms» сервисін пайдалана отырып, онлайн-сауалнама форматында жүргізілді. Сауалнаманың әдіснамалық негізі халықаралық тәжірибе негізінде әзірленген және 2021 жылы Инклюзивті білім беру орталығы қызметкерлері сынақтан өткізген инклюзия көрсеткіштеріне сәйкес инклюзивті орта құру бойынша мектептің қызметін мониторингілеу және бағалау деректерін толтыру нысаны болды [47].

1-қосымшада сипатталған сауалнама 3 бөлімнен тұрады: мектеп туралы жалпы мәліметтер, инклюзивті саясат, инклюзивті тәжірибе және инклюзивті мәдениет бөлімдері. Педагогтерге сауалнаманы толтыру, мектептің инклюзивті ортаны құру жөніндегі қызметін үш жауап нұсқасын: *келісемін, жауап беруге қиналамын, келіспеймін* нұсқаларын қолдана отырып инклюзия көрсеткіштеріне сәйкес бағалау [44] ұсынылды. Сауалнама барысында педагогтерге анонимділік пен құпиялылыққа кепілдік берілді.


Сауалнамаға қатысқан респонденттердің ең көп саны Алматы (6925), Ақтөбе (4162), Түркістан (3773), Шығыс Қазақстан (3041), Батыс Қазақстан облыстарында (2872), ең азы Қостанай (1075), Қызылорда (727), СҚО (98), Ұлытау облысы (8) облыстарында, Шымкент қаласында (614) тіркелді (1-сурет).






**1-сурет. Респонденттер саны туралы жалпы мәліметтер, n=43 929.**

Сауалнамаға қатысқан қатысушылардың көпшілігі ауылдық мектептерде жұмыс істейді (27111), бұл респонденттердің жалпы санының 61,7% құрайды (43929) (2-сурет).



**2-сурет. Респонденттер жұмыс істейтін мектептер туралы мәліметтер**


Сауалнама нәтижелері респонденттердің жартысынан көбі (56%) «біздің мектепті инклюзивті деп атауға болады, өйткені бізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқиды» деген тұжырыммен келісетінін көрсетеді, педагогтердің 24%-ы бұл тұжырыммен келіспейді, 20%-ы жауап беруге қиналды (3-сурет).



**3-сурет. Респонденттердің «Біздің мектепті инклюзивті деп атауға болады, өйткені бізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар» деген тұжырымға жауаптарының нәтижелері**

Осы сұраққа жауаптарды талдау респонденттердің жартысына жуығы мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалардың бар екендігі туралы жеткілікті білмегендігін, сондай-ақ оларды анықтауда қиындықтарға тап болғандығын көрсетеді, бұл педагогтердің білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін сабақтарды өткізу барысында педагогтердің БҒМ № 4 бұйрығына сәйкес анықтау дағдыларын жетік меңгермеу, сабақта, сыныптан тыс қызметте жүзеге асырмау фактісін көрсететін.

«Біздің мектепті инклюзивті деп атауға болады, өйткені бізде барлық балалар үшін барлық жағдай жасалған» деген тұжырыммен респонденттердің 38%-ы келіседі, 30%-ы келіспейді, 30%-ы жауап беруге қиналады (4-сурет).



**4-сурет. Респонденттердің «біздің мектепті инклюзивті деп атауға болады, өйткені бізде барлық балалар үшін барлық жағдай жасалған» деген тұжырымға жауаптарының нәтижелері**

Респонденттердің жауаптарынан еліміздің көптеген мектептерінде, педагогтердің пікірінше, барлық білім алушыларды оқыту үшін жағдайлар жоқ деген қорытынды жасауға болады, бұл педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы ҚР заңнамасын бұзғанын көрсетеді. Біріншіден, «Білім туралы» ҚР Заңының 8-бабының 1-1-тармақшасы орындалмайды, оған сәйкес «Мемлекет ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға (балаларға) олардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру жүйесі ұсынған шекте білім алу нысанын таңдау құқығын беруді қоса алғанда, олардың өзін-өзі жетілдіруіне, білім берудің барлық деңгейлерінде өмір бойы оқуын жалғастыруына, өздерінің қабілеттерін еркін дамытуына жағдайлар жасайды» [6]. Екіншіден, «Білім туралы» ҚР Заңының 8-бабының 6-тармағы [6], «Бала құқықтары туралы» ҚР Заңының 15-бабының 3-тармағы [7] мүмкіндігі шектеулі адамдардың білім алу

үшін арнайы жағдайлардың болуына құқықтарын бұзу бөлігінде [6], оның ішінде психологиялық-педагогикалық және арнайы қолдау бөлігінде орындалмайды. Осыған байланысты білім басқармаларының мамандары, оқу-әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, білім беру ұйымдарының әкімшіліктері білім алушылардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасамағаны үшін дербес жауапты екенін ескеруі қажет (10-қосымша).

### **10-қосымша. Білім алушылардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасамағаны үшін жауапкершілік**


*«Білім туралы» ҚР Заңының 6-бабы 2-тармағының 3-тармақшасы, 13-тармағы:  
Облыстың жергілікті атқарушы органы:  
ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) оқытуды, оларға білім беру ұйымдарында білім алу үшін арнайы жағдайлар жасауды, әмбебап дизайн және (немесе) ақылға қонымды қағидаттарын ескере отырып, мемлекеттік құрылыс нормалары мен стандарттарына сәйкес білім беру ұйымдарының ғимараттарының, құрылыстары мен үй-жайларының қолжетімділігін қамтамасыз етеді.*

*«Білім туралы» ҚР Заңының 43-бабы 3-тармағының 13-1-тармақшасы:  
Білім беру ұйымдарының құзыретіне мынадай функциялар жатады:  
білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау.*

*«Білім туралы» ҚР Заңының 45-бабының 4-1-тармағы:  
Білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:  
білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бұзу немесе білім алу үшін арнайы жағдайлар жасамағаны үшін жауапқа тартылады.*


Айта кететін жайт, жұмыс істейтін мектепті инклюзивті онда барлық білім алушыларды оқыту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған деп атаған мұғалімдердің үлесі ауылдық жерлермен салыстырғанда қалалық жерлерде 9%-ға жоғары (5-сурет). Осы тұжырыммен келіспейтін мұғалімдердің жоғары пайызы ауылдық жерлерде едәуір жоғары (тиісінше 36% және 25%) (5-сурет). Бұл нәтижелер, әсіресе ауылдық жерлерде орналасқан білім беру ұйымдарының әкімшілігімен ҚР инклюзивті білім беру саласындағы заңнамасын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін айғақтайды. Жалпы білім беретін мектептердің директорлары ерекше білім беруді қажет ететін балалардың құқықтарын бұзуға әкеп соғатын білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау үшін өздерінің дербес жауапкершілігін сезінуі тиіс.

қала	ауыл
------	------



**5-сурет. Респонденттердің «біздің мектепті инклюзивті деп атауға болады, өйткені бізде барлық балалар үшін барлық жағдай жасалған» деген тұжырымға жауаптарының нәтижелері (салыстыру: қала / ауыл)**

«Жалпы мәліметтер» бөлімінің қорытынды сұрағы педагогтердің осы бағыттағы кәсіби дайындығына байланысты олар жұмыс істейтін мектептердің инклюзивтілігі туралы пікірін талдауға мүмкіндік берді. Мұғалімдердің 40%-ы «біздің мектепті инклюзивті деп атауға болады, өйткені бізде барлық мұғалімдер инклюзивті ортада жұмыс істеу бойынша оқудан өткен» деген тұжырымға оң жауап берді, қалған үлес теріс пікір білдірді немесе жауап беруге қиналды (6-сурет).



**6-сурет. Респонденттердің «біздің мектепті инклюзивті деп атауға болады, өйткені бізде барлық мұғалімдер инклюзивті ортада жұмыс істеу бойынша оқудан өткен» деген мәлімдемеге жауаптарының нәтижелері**


Осы мәлімдемеге теріс жауап берген немесе қиындыққа тап болған респонденттердің жартысынан көбі педагогтерге инклюзивті білім беру ортасы жағдайында жұмыс істеу бойынша кәсіби құзыреттілікті арттыруға аса мұқтаж екендігін айғақтайды. Осыған байланысты білім басқармаларының мамандары,

оқу-әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері мемлекеттік тапсырыс есебінен инклюзивті білім беру мәселелері бойынша педагогтердің біліктілігін арттыруға жеткілікті қаржы бөлу жөнінде басшылық алдында өтініш білдіруі қажет. Сонымен қатар педагогтер мектепте де, одан тыс жерлерде де әріптестер өткізетін семинарларға, сабақтарға қатысу, арнайы білім беру ұйымдарының (ППТК, ПМПК, арнайы мектептер) педагогтері ұсынатын ресурстарды, сондай-ақ онлайн-ресурстарды пайдалану арқылы өздерінің кәсіби құзыреттіліктерін дербес арттыра алады.

### **Инклюзивті саясат**


«Инклюзивті саясат» бөлімін талдау мектепте инклюзивті саясатты жүзеге асыру туралы педагогтердің пікірлерін зерттеуге бағытталған.

Педагогтердің көпшілігі (92%) «біздің мектеп әр бала үшін ашық» деген тұжырыммен келіседі, респонденттердің 6%-ына бұл тұжырымға жауап беруге қиналды, респонденттердің 2%-ы бұл тұжырыммен келіспеді (7-сурет).



**7-сурет. Респонденттердің «біздің мектеп әр балаға ашық» деген тұжырымына жауаптарының нәтижелері**

Педагогтердің көпшілігі (70%) «мектептегі инклюзивтілік саясатын білім беру процесінің барлық қатысушылары ұстанады» деген тұжырыммен келісетінін, 27%-ы жауап беру қиналатынын, 6%-ы жауаппен келіспейтінін білдірген жауаптары ерекше қызығушылық тудырады (8-сурет).




**8-сурет. Респонденттердің «мектептегі инклюзивтілік саясатын білім беру процесінің барлық қатысушылары сақтайды» деген тұжырымға жауаптарының нәтижелері**

Осы сұраққа жауаптарды талдау көптеген мектептерде барлық білім алушылар үшін бірдей сапалы білім беруді көздейтін инклюзивтілік және қолжетімділік қағидаттары сақталғанына қарамастан, осы қағидаттарды толық көлемде іске асырмайтын (6%) мектептер бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жауап беруге қиналған педагогтердің үлесі инклюзивті саясаттың мазмұнын түсінудегі мүмкін қиындықтарды және оны іске асыру бойынша білім беру процесіне қатысушылардың функционалдық міндеттерін көрсетеді. Осыған байланысты білім беру ұйымдарының әкімшілігі, ППҚҚ мамандары педагогтермен инклюзивті білім беру саласындағы қолданыстағы НҚА-ны түсіндіру туралы жұмыс жүргізуі қажет, оған сәйкес мемлекет ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге кепілдік береді [6]. Бұл жұмысты жүргізу үшін мектеп әкімшілігінің өкілдері, оқу-әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері Инклюзивті білім беру орталығы [66] әзірлеген инклюзивті ортада білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды, сондай-ақ инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру бойынша өңірлік тәжірибені пайдалана алады. Мысалы, Ақмола облысындағы әріптестер

инклюзивті практиканы енгізу бойынша басқарушы кадрларға арналған мақалалар жинағын шығарды (жұмыс тәжірибесінен), ол білім беру органдары мен ұйымдарының басшыларына, әртүрлі деңгейдегі әдістемелік қызметкерлерге инклюзивті практиканы оқу процесіне және білім алушылардың сабақтан тыс қызметіне енгізу бойынша пайдалы болады [81].

Респонденттердің «Мектеп саясаты буллингке қарсы тұруға және қауіпсіз психологиялық ортаны құруға бағытталған» деген тұжырымға жауаптарының нәтижелері респонденттердің 77%-ы осы тұжырыммен келісетінін, 18%-ы жауап беруге қиналатынын, 5%-ы тұжырыммен келіспейтінін көрсетеді (9-сурет).



**9-сурет. Респонденттердің «Мектеп саясаты буллингке қарсы тұруға және қауіпсіз психологиялық ортаны құруға бағытталған» тұжырымына жауаптарының нәтижелері**

Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен құру міндеті «Білімді ұлт «Сапалы білім беру» ұлттық жобасының басым міндеті болып табылады [28]. Балалардың қауіпсіздігі елдің ұлттық қауіпсіздігінің басым міндеті болып табылады, оны қамтамасыз етуді білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган (Оқу-ағарту, Жоғары білім және ғылым министрліктері) басқа орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп заңнамалық деңгейде жүзеге асырады [82]. Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігі бірқатар нормативтік құқықтық құжаттарды әзірледі (11-қосымша), тоқсан сайын білім беру ұйымдарында қауіпсіздік талаптарының сақталуына мониторинг жүргізіледі, оның қорытындылары жүйелі негізде Үкімет деңгейінде қаралады.



## 11-қосымша. ҚР Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі кейбір НҚА-ның тізбесі

*Білім беру саласында террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық*

*Дереккөз: «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы, URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027414>*

*Білім беру ұйымдарына және олардың аумағында енгізуге тыйым салынған заттар мен заттардың тізбесі*

*Дереккөз: «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығы, URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022857>*

*Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтандыруға арналған стандарттар*

*Дереккөз: «Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 Бірлескен бұйрығы, URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900018239>*

Респонденттердің буллингке қарсы тұруға және қауіпсіз психологиялық ортаны құруға бағытталған мектеп саясатының болуы туралы мәлімдемеге жауаптарын талдау, жалпы алғанда, мектептерде, педагогтердің пікірінше, қауіпсіз психологиялық орта құрылғанын көрсетеді. Бұл ретте осы тұжырыммен келіспейтін педагогтердің үлесі (18%), сондай-ақ осы жауапқа теріс жауап берген респонденттердің пайызы (5%) назар аудартады. Бұл нәтижелер мектептің жергілікті нормативтік актілері мектептегі балалардың психологиялық қауіпсіздігін жеткілікті түрде қамтамасыз етпейтінін көрсетеді, бұл буллинг, суицид және басқа да жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Респонденттердің теріс жауабының себебі білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша ППҚҚ-ның жеткілікті дәрежеде жұмыс істемеуі болуы мүмкін. Осыған байланысты білім басқармаларының мамандары, оқу-әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері мектеп әкімшілігімен, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің мамандарымен, педагогтермен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы НҚА-ны түсіндіру, оның ішінде буллингтің және басқа да асоциалдық мінез-құлықтың алдын алу бойынша жүйелі жұмыс жүргізуі қажет. Бұл жұмысты ұйымдастыруда БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген ұсынымдар әдістемелік көмек көрсетеді. Мысалы, «Білім беру ұйымдары әкімшілігінің білім алушылар мен тәрбиеленушілердің


құқықтарын қорғау мәселелерінде педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру жөніндегі қызметін ұйымдастыру туралы» әдістемелік ұсынымдар білім бөлімдері мен басқармаларының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі мамандарына, мектеп басшыларының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиешілеріне, сынып жетекшілеріне, педагогтерге, әлеуметтік педагогтерге, педагог-психологтарға және педагогикалық қоғамға арналған [83]. «Кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық, қатыгездік, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық фактілері тіркелген жағдайларда білім беру ұйымдарындағы үшінші превенция» әдістемелік ұсынымдары білім беру ұйымдарының басшыларына, облыстық әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне, мектеп директорларына, сынып жетекшілеріне, әлеуметтік педагогтерге, білім беру ұйымдарының психологтарына балалар мен жасөспірімдермен өзара іс-қимыл бойынша зорлық-зомбылық, суицид және басқа да қалаусыз мінез-құлық фактілері анықталған жағдайда кәсіби көмек көрсетеді [84].

Қауіпсіз психологиялық орта құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру кезінде педагогтер келесі НҚА-ны басшылыққа алуы тиіс: «Балалардың хал-ахуал индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-ө өкімі [41], «Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысы [85], «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы [7] (20.04.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен), «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 Заңы [86], ҚР БҒМ № 4, 6 бұйрықтары [39, 40], ҚР ОАМ № 377 бұйрығы [74], «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы [87] және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы басқа да НҚА.

Жоғарыда көрсетілген НҚА-ға сәйкес орта білім беру ұйымдарының әкімшілігі балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін жергілікті нормативтік актілерді әзірлеуге тиіс: ППҚҚ құру туралы бұйрық, психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру туралы ереже, орта білім беру ұйымдарында білім алушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағдарламасы, баланы қорқытудың алдын алу жөніндегі жоспар және басқа да НҚА.

«Инклюзивті саясат» бөлімінің келесі тұжырымы педагогтердің мектепте білім алушыларды бейімдеу үшін жағдай жасауға қатысты пікірлерін зерттеуге

бағытталған. Респонденттердің жауаптарының нәтижелері көптеген мектептерде, педагогтердің пікірінше (78%), оқудың келесі деңгейіне немесе басқа білім беру ортасына көшу кезінде білім алушыларды бейімдеу бойынша жағдайлар жасалғанын көрсетеді. Бұл ретте педагогтердің 17%-ы бұл мәселеге сенімсіздік білдірсе, 5%-ы теріс пікір білдірді (10-сурет).



**10-сурет. Респонденттердің «Біздің мектеп оқудың келесі деңгейіне немесе басқа білім беру ортасына көшу кезінде білім алушылардың бейімделуіне көмектеседі» деген тұжырымға жауаптарының нәтижелері**


Респонденттердің жауаптарын талдау, жалпы алғанда, мектептерде білім алушылардың бір деңгейден екінші деңгейге немесе басқа сыныпқа ауысуы кезінде оларға көмек көрсетуді ұйымдастыру бойынша жағдайлар жасалғанын көрсетеді. Бұл ретте осы мәселе бойынша сенімсіздік пен теріс пікір білдірген педагогтердің үлесі еліміздің кейбір мектептерінде оқудың басқа деңгейіне көшу кезінде оларды бейімдеу бойынша білім алушыларға жеткіліксіз қолдау көрсетіледі деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл факт оқытудың әртүрлі кезеңдерінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша педагогтердің бірлескен жұмысының жеткіліксіздігін көрсетеді. Мысалы, бастауыш сынып мұғалімдері орта буын мұғалімдерімен өзара әрекеттесуі керек және керісінше, сабақтастық функциясын орындауы керек. Бұл жұмыс екі деңгейдегі педагогтердің сынып сағаттарына, сабақтарға өзара қатысуы, орта буын педагогтерін 5-сыныптардың болашақ білім алушыларымен алдын ала таныстыру және т.б. түрінде жүргізіледі. Білім алушылардың сәтті бейімделуінде ерекше рөлді ППҚҚ мамандары атқарады: педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, педагог-ассистенттер, олар сынып жетекшілерімен және пән мұғалімдерімен, ата-аналармен бірлесіп білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-

педагогикалық қолдау бойынша іс-шаралар өткізеді. Білім алушылар бір сыныптан екінші сыныпқа (мысалы, жалпы білім беруден арнайы сыныпқа) ауысқан кезде педагогтерге білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін уақытылы анықтау, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушы үшін жаңа құрдастар ұжымында қолайлы психологиялық микроклимат құру маңызды.

Білім алушыларды бір білім деңгейінен екінші деңгейге көшу кезінде бейімдеу бойынша тиімді жұмыс істеу үшін педагогтерге ҚР МЖМБС [33], функционалдық міндеттерін [34], сыныптық басшылық туралы ережені [88], орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын [31], білім алушылардың ерекше білім беруді қажет ететін бағалау қағидаларын [39], білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын және инклюзивті білім беру саласындағы басқа да НҚА-ларды басшылыққа алу қажет [40].

«Инклюзивті саясат» бөлімі сонымен қатар педагогтердің мектепте өткізіліп жатқан бағдарламаны білім алушылардың жіберіп қалмауына және жалпы артта қалуына жол бермеу жөніндегі жұмыстарға қатысты пікірлерін зерделеуді қамтиды.

Респонденттердің жауаптарының нәтижелері, жалпы алғанда, педагогтердің көпшілігінің пікірінше (88%), білім алушылардың бағдарламадан қалып қоюы мен қатыспауының алдын алу бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын көрсетеді (11-сурет). Бұл ретте осы мәселе бойынша сенімсіздік (9 %) не теріс пікір (3%) білдірген педагогтердің үлесі осы бағытта НҚА қолдану бойынша педагогтермен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін куәландырады.




## **11-сурет. Респонденттердің «Біздің мектепте білім алушылардың бағдарламаға қатыспауына және арта қалуына жол бермеу бойынша жұмыс жүргізілуде» тұжырымына жауаптарының нәтижелері**

Білім алушылармен профилактикалық жұмыс сынып жетекшілерінің пән мұғалімдерімен, ППҚҚ мамандарымен (педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар), мектеп әкімшілігімен, қосымша білім беру педагогтерімен, білім алушылардың ата-аналарымен ынтымақтастық жағдайында жүзеге асырылады. Осыған байланысты педагогтер мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін негізгі НҚА-ны меңгеруі керек, оның ішінде: Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары [34], Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары [31], Сынып жетекшілігі туралы ереже [88], Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары [39], Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидалары, басқа да НҚА. Мысалы, Сынып жетекшілігі туралы ережеге сәйкес сынып жетекшісі сыныптағы білім алушылардың үлгерімін, сабаққа қатысуын, сыртқы келбетін, эмоционалды-психологиялық жағдайын бақылауды жүзеге асыру функциясын орындайды [88]. ҚР ОАМ № 338 бұйрығына сәйкес әлеуметтік-педагогтің міндеттеріне жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның микроортасын, өмір сүру жағдайларын зерделеу, мүдделер мен қажеттіліктерді, проблемаларды, жанжалды жағдайларды анықтау, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің мінез-құлқындағы ауытқулар және оларға уақытылы әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету кіреді [34]. ҚР БҒМ № 6 бұйрығының 6-тармағына сәйкес мінез-құлық және эмоционалды проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, балалар-ата-аналар және отбасы ішілік қатынастар), сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік мәдени сипаттағы кедергілері (балалардың педагогикалық қараусыздығы) бар адамдар (балалар) санаттарын психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды тәрбиешілер/педагогтер сабақтар, факультативтік, пәндік үйірмелер мен қосымша сабақтар барысында жүзеге асырады, сондай-ақ педагогикалық психологтар, әлеуметтік педагогтер арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде педагог-психологпен және әлеуметтік педагогпен бірлесіп жүзеге асырады.

Білім алушылардың сабақтан қалуына жол бермеу бойынша НҚА-ны білуден басқа, педагогтерге жүйелі негізде біліктілігін арттыру, озық ғылыми зерттеулердің нәтижелерін зерделеу ұсынылады. Мысалы, ЮНИСЕФ және Қазақстан мектептеріндегі Кембридж Университеті бойынша оқудан шығудың алдын алудың қолданыстағы жүйесіндегі олқылықтарды анықтауға және осы олқылықтарды жою жөнінде ұсынымдар әзірлеуге бағытталған жобаның қорытындысы бойынша оқудан шығудың ерте алдын алу жүйесі әзірленді, оны енгізу жөнінде ұсынымдар тұжырымдалды [89]. Оқудан шығудың ерте алдын алу жүйесі – бұл қиын жағдайдағы, оқуды тастап кету қаупі бар, қолдауды қажет ететін балалар мен жасөспірімдерді анықтау механизмі.

Білім алушылардың оқу бағдарламалары бойынша артта қалуына жол бермеу мақсатында педагогтерге «Білім туралы» ҚР Заңын [6], ҚР МЖМБС [33], орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын [31], БҒМ бұйрықтарын №№ 4 [39], 6 [40], 115 [61], 399 [56], 500 [57] және басқа да НҚА-ларды басшылыққа алу қажет. Мысалы, «Білім туралы» ҚР Заңының 43-бабының 3-тармағына сәйкес [6] білім беру ұйымдарының құзыретіне білім беру бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру (2-3-тармақша), ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жеке дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру (2-4-тармақша) жатады. ҚР БҒМ № 6 Бұйрығының 9-тармағына сәйкес білім беру қажеттіліктерін бағалау немесе ПМПК ұсынымы негізінде білім беру ұйымының басшысы ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың жеке бағдарламаларын, оның ішінде жеке оқу жоспарларын, жеке/бейімделген білім беру бағдарламаларын, мамандардың жеке дамыту бағдарламаларын, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) тізімін бекітеді [40].

Сауалнаманың келесі тұжырымына респонденттердің жауаптары педагогтердің ата-аналармен жұмысының тиімділігін көрсетеді. Педагогтердің көпшілігі (76%) «мектептен шығарудың алдын алу үшін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен жұмыс жүргізілуде» деген тұжырыммен келісті, 19% респондент жауап беруге қиналды, 5%-ы теріс пікір білдірді (12-сурет).



12-сурет. Респонденттердің «Мектепте мектептен шығарудың алдын алу үшін ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен жұмыс жүргізілуде» тұжырымына берген жауаптарының нәтижелері

Осы тұжырымға жауаптарды талдау, тұтастай алғанда, еліміздің көптеген мектептерінде мектептен шығарудың алдын алу бойынша ата-аналармен жұмыс жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Бұл ретте жауап беруге қиналған және


осы мәселе бойынша теріс пікір білдірген педагогтердің үлесі педагогтердің ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың ата-аналарымен өзара іс-қимылының жеткіліксіздігін куәландырады, ол мектептен шығудың алдын алу жөніндегі зерттеулерге сәйкес оқудан шығудың ерте алдын алу жүйесі моделін жақсартудың негізгі факторларының бірі болып табылады: «мектеп, ата-аналар мен педагогтер бір-бірімен тұрақты және тығыз байланыста болуы тиіс» [89, 11-бет]. Осыған байланысты педагогтерге білім алушылардың ата-аналарымен, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен өзара іс-қимылды күшейту ұсынылады.

Педагогтердің білім алушылардың ата-аналарымен, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен өзара іс-қимыл жасау функциялары «Педагог мәртебесі туралы» [90], «Бала құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңдарымен, педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларымен [34], Сынып жетекшілігі туралы ережемен [88], Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларымен [39] және Психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру қағидаларымен [40] бекітілген.

Мәселен, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес педагогтер «Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге кеңес беруге» міндетті [90]. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңының 12-бабының 3-тармағына сәйкес білім беру органдары өз құзыреті шегінде жалпы білім беретін оқу орындарына дәлелсіз себептермен бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтайды және есепке алуды жүргізеді, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактика шараларын жүргізеді [34]. БҒМ № 6 Бұйрығының 9-тармағына сәйкес сынып жетекшілері «пән мұғалімдері мен ата-аналардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады, білім беру ұйымының әлеуметтік педагогімен бірлесіп баланың дамуының әлеуметтік жағдайын зерделейді, сабақта және сабақтан тыс уақытта қолайлы эмоциялық-психологиялық ахуал үшін жағдай жасайды» [40].

Респонденттерге ұсынылған келесі тұжырым мамандардың, құрдастарының, педагогтерінің қолдауының болмауы себебінен білім алушылардың шығу жағдайларына қатысты респонденттердің пікірлерін зерделеуге бағытталған.

Респонденттердің жауаптарының нәтижелері педагогтердің көпшілігі (71%) «мектепте қажетті қолдаудың (логопед, психолог, дефектолог және т. б.) болмауы себебінен ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектептен кету жағдайлары жоқ» деген тұжырыммен келісетінін көрсетеді, 20% жауап беруге қиналады, 9% берілген тұжырыммен келіспейді (13-сурет).



**13-сурет. Респонденттердің «Мектеп, сыныптастар, педагогтер тарапынан қажетті қолдаудың (логопед, психолог, дефектолог және т. б.) болмауы себебінен ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектептен кету жағдайлары жоқ» тұжырымына жауаптарының нәтижелері**

Респонденттердің осы мәлімдемеге берген жауаптарын талдау, жалпы алғанда, еліміздің мектептерінде мектеп, сыныптастар, педагогтер тарапынан қажетті қолдаудың (логопед, психолог, дефектолог және т. б.) болмауы себебінен ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектептен кету жағдайлары жоқ деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл ретте осы сұраққа жауап беруге қиналған және теріс пікір білдірген педагогтердің үлесі назар аудартады. Бұл факт педагогтердің ерекше білім беруді қажет ететін балаларды мектептен шығарудың ықтимал фактілері мен себептері туралы, сондай-ақ білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерін бұзғаны немесе білім алу үшін арнайы жағдайлар жасамағаны үшін білім беру ұйымының жауапкершілігі туралы жеткіліксіз білетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты білім басқармаларының мамандары, инклюзивті білім беруге жетекшілік ететін оқу-әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу жағдайларын реттейтін НҚА-ны түсіндіру бойынша мектеп әкімшілігімен, ППҚҚ мамандарымен, педагогтермен жұмысты ұйымдастыруы қажет.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту ҚР «Білім туралы» [6], «Бала құқықтары туралы» [7], «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» [8], ҚР МЖМБС [33] заңдарына, Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына [61], Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары [20], Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары [7], Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру қағидаларына [10] және басқа да НҚА-ға сәйкес жүзеге асырылады.

Мәселен, «Білім туралы» ҚР Заңының 6-бабы 2-тармағының 3-тармақшасына сәйкес облыстың жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі –



ЖАО) құзыретіне ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқытуды, олардың білім беру ұйымдарында білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасауды, әмбебап дизайн және (немесе) ақылға қонымды ыңғайлылық қағидаттарын ескере отырып, мемлекеттік құрылыс нормалары мен стандарттарына сәйкес білім беру ұйымдарының ғимараттарына, құрылысжайлары мен үй-жайларына қолжетімділікті қамтамасыз ету кіреді [18].

«Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 8-бабы 1-тармағының 5-тармағы ЖАО құзыретіне мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы білім беру ұйымдарында оқытуды ұйымдастыру және оларды басқа білім беру ұйымдарында оқыту үшін жағдайлар жасау жатады [91]. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қаржыландыру «Бала құқықтары туралы» ҚР Заңының 15-бабының 3-тармағымен реттеледі [7].


Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 7-тармағына сәйкес «баланың немесе білім алушының ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері білім беру ұйымдарын баланың немесе білім алушының қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып және қабылдау шарттарына сәйкес таңдайды» [91]. Бұл ретте «Білім туралы» ҚР Заңының 45-бабының 3-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарының басшылары білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бұзғаны немесе білім алу үшін арнайы жағдайлар жасамағаны үшін жауапты болады [6].

«Бала құқықтары туралы» ҚР Заңының 15-бабының 2-тармағына сәйкес балалар қорғаншылық және қамқоршылық органдарына хабарламай білім беру ұйымынан шығарыла алмайды [7]. Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларының 15-тармағына сәйкес [31] «он алты жасқа дейінгі балаларды білім беру ұйымдарынан шығаруға ерекше жағдайларда білім беру ұйымын мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін жол беріледі».

«Мектеп, сыныптастар, педагогтер тарапынан қажетті қолдаудың (логопед, психолог, дефектолог және т. б.) болмауы себебінен ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектептен кету жағдайлары жоқ» тұжырымына теріс жауап берген педагогтердің үлесі (9 %) еліміздің барлық мектептерінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қатысты психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтері жұмыс істемейтінін, психологиялық-педагогикалық қолдау және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілмейтінін көрсетеді, бұл ерекше білім беруді қажет ететін балалардың құқықтарын бұзу болып табылады.

Респонденттерге ұсынылған келесі тұжырымдама респонденттердің ерекше білім беруді қажет ететін балаларының бастауыштан орта буынға сәтті өтуіне қатысты пікірлерін зерттеуге бағытталған. Респонденттердің

жауаптарының нәтижелері педагогтердің көпшілігі (75%) «бастауыш сыныптардың ерекше білім беруді қажет ететін барлық балалар біздің мектеп шегінде орта сыныптарға сәтті өтті» деген тұжырыммен келісетінін, педагогтердің 20%-ы жауап беруге қиналатынын, 5%-ы тұжырыммен келіспейтінін көрсетеді (14-сурет).




**14-сурет. Респонденттердің «бастауыш сыныптардағы ерекше білім беруді қажет ететін барлық балалар біздің мектеп шегінде орта сыныптарға сәтті өтті» деген тұжырымына жауаптарының нәтижелері**

Респонденттердің жауаптарын талдау, жалпы алғанда, еліміздің көптеген мектептерінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар білім берудің бастапқы деңгейін сәтті игеріп, орта буынға ауысады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл ретте осы тұжырым бойынша сенімсіздік білдірген және осы тұжырыммен келіспеген педагогтердің үлесі еліміздің кейбір мектептерінде сабақтастық бойынша, білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау, оларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша жеткіліксіз жұмыс жүргізіліп жатқанын куәландырады. Осыған байланысты мектеп әкімшілігі педагогтермен, ППҚҚ мамандарымен ҚР БҒМ № 4, 6 бұйрықтарын орындау бойынша ерекше білім беру қажеттіліктерін уақытылы бағалау, білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын іске асыру бөлігінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

«Инклюзивті саясат» бөлімінде респонденттерге ұсынылған қорытынды мәлімдеме педагогтердің мектепте біліктілікті арттыру үшін жағдайлардың болуы туралы пікірлерін зерттеуге бағытталған.

Респонденттердің «Мектеп инклюзивті білім беру саласындағы педагогтердің кәсіби дамуына мүмкіндік береді» деген тұжырымға берген жауаптарының нәтижелері еліміздің көптеген мектептерінде инклюзивті білім беру мәселелері бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін жағдайлар жасалғанын көрсетеді (75 %) (15-сурет). Бұл ретте осы тұжырымға жауап беруге қиналатын (19 %) және теріс пікір білдірген (6%) педагогтердің үлесі еліміздің кейбір мектептерінде педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру бойынша әлсіз жұмыс жүргізіліп жатқанын, бұл педагогтің үздіксіз кәсіби даму және біліктілікті арттыру нысандарын таңдау құқығын бұзу болып табылатынын көрсетеді [90].



**15-сурет. Респонденттердің «Мектеп инклюзивті білім беру саласындағы педагогтердің кәсіби дамуына мүмкіндік береді» тұжырымына берген жауаптарының нәтижелері**

Білім беру ұйымдарының педагогтері «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 7-бабы 1-тармағының 12-тармағына сәйкес кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттыруға құқылы екенін атап өту маңызды [90]. Бұл ретте мектеп әкімшілігі мен педагогтердің міндеттеріне психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша біліктілікті арттыру кіреді [40]. Осыған байланысты білім басқармаларының мамандары, инклюзивті білім беруге жетекшілік ететін оқу-әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауды және қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету бөлігінде «Білім туралы» ҚР Заңының 6-бабының 2-тармағының 15-тармақшасын, 3-тармағының 18-тармақшасын орындау бойынша жұмысты күшейтуі қажет [6]. Мектептердің осы міндетін іске асыру үшін білім беру ұйымдарының педагогтері, әкімшілігі Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларын басшылыққа алуы қажет [92].

Жүргізілген сауалнаманы қорытындылай келе, жалпы алғанда, еліміздің мектептерінде инклюзивті саясат жүзеге асырылады деген қорытынды жасауға болады. Бұл ретте педагогтер инклюзивті тәжірибелерді іске асыру кезінде, оның ішінде білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін бағалау және оларды психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша кейбір қиындықтарға тап болатынын атап өту қажет. Сонымен қатар ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауда арнайы кадрлар тапшылығы бар, барлық мектептерде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтері жұмыс істемейді. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды мектептен шығару фактілері бар, бұл олардың құқықтарын бұзу болып табылады. Инклюзивті тәжірибелерді енгізу бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру, педагогтердің ата-аналармен, ППҚҚ мамандарымен өзара іс-қимыл жасау мәселелеріне назар аудару қажет. Білім алу үшін арнайы жағдайлар, буллингтің және білім алушылардың басқа да жағымсыз мінез-құлқының алдын алуды қоса алғанда, қауіпсіз психологиялық орта жасау жөнінде жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Жалпы, мектеп әкімшілігі, ППҚҚ мамандары, педагогтер инклюзивті және арнайы білім беру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны зерделеуді қоса алғанда, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мәселелері бойынша жүйелі негізде біліктілігін арттыруы қажет.

Елдегі инклюзивті саясат пен практиканың дамуын көрсететін жүргізілген зерттеулерді талдаудан басқа, осы ұсыныстарды әзірлеу шеңберінде Инклюзивті білім беру орталығының жұмыс тобының құрамына кіретін әріптестер ұсынған инклюзивті практикаларды енгізу бойынша педагогтердің өңірлік тәжірибесі зерделенді.

Инклюзивті саясат пен инклюзивті практиканы іске асыру бойынша табысты мысалдардың бірі «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің Көкшетау қаласы бойынша № 19 жалпы білім беретін мектебі» КММ, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 19 қосымша білім беру мектебі» КММ Инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі ресурстық орталығының жұмыс тәжірибесі болып табылады. (бұдан әрі – № 19 ШҚО, Өскемен қ.).

***Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды мектептің жалпы білім беру процесіне «қосудың» өзекті мәселелері*** (Ақмола облысы Көкшетау қаласындағы № 19 ЖББҰ инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі ресурстық орталық үйлестірушісінің жұмыс тәжірибесінен Жанғали І.Ә)

Ақмола облысында инклюзивті білім беруді жүйелі негізде енгізу ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру басталған сәттен басталды.

Үйлестіру кеңесінің құрамы мен жұмыс регламентін, сондай-ақ ресурстық орталықты дамыту ережесі мен бағдарламасын бекіткен облыстық білім басқармасының бұйрығымен Көкшетау қаласының № 19 жалпы орта білім беретін мектебінің базасында бұл құрылымдарға облыстың білім беру кеңістігінде қажетті институционалдылық берілді. Атауынан көрініп тұрғандай, Үйлестіру кеңесі облыстың білім басқармасы жанындағы алқалы-кеңесші орган болып табылады, оның негізгі міндеті инклюзивті білім беруді енгізуге

тартылған немесе мүдделі барлық құрылымдардың күш-жігерін біріктіру, мемлекеттік білім беруді басқару органдары, білім беру ұйымдары үшін инклюзивті білім берудің жағдайын жақсарту және дамыту бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып айқындалған. Кеңестің құрамы мемлекеттік органдар мен білім беру ұйымдарына да, үкіметтік емес ұйымдар мен ата-аналарға да мәселелер мен ұсыныстарды айтуға және талқылауға мүмкіндік беру қағидаты бойынша қалыптастырылған.

Білім басқармасының бұйрығымен мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (2014 жылы басталған) білім деңгейлері бойынша тірек ұйымдар айқындалды.

01.04.2023 жылғы жағдай бойынша облыста барлығы 57 тірек ұйым және 4 ресурстық орталық (мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдары үшін) жұмыс істейді:

Тірек балабақшалар: 24+ 1 ресурстық орталық (бұдан әрі – РО)

Тірек мектептер: 25 + 2 ресурстық орталық

Тірек колледждер: 5 + 1 ресурстық орталық

Қосымша білім берудің тірек ұйымдары: 2+1 РО

Кеңестің отырыстары тұрақты негізде аудандарға барып, жергілікті жерлерде инклюзивті білім берудің жағдайын қарап, қажетті ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек көрсетумен өткізіледі.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды (адамдарды) жалпы білім беру ортасына қосу мақсатында барлық деңгейдегі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша іс-шаралар жүргізіледі, сондай-ақ кедергісіз физикалық қолжетімділік жетілдіріледі.

Жыл сайын білім басқармасының әдістемелік орталығы, ресурстық орталық оқыту семинарларын, ғылыми-практикалық конференцияларды өткізеді.

2016 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде ерекше білім беруді қажет ететін балалар мәселелері бойынша мынадай жобалар іске асырылды:

- Қазақстанның солтүстік өңірлерінің білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін мектеп жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқытудың инклюзивті тәжірибелерін енгізу бойынша желілік өзара іс-қимылы, 2016 ж.

- педагогикалық мамандықтар бойынша оқытуды жүргізетін колледждердің педагогтері мен әдіскерлеріне арналған инклюзивті білім беру жүйесіндегі жұмысқа инженерлік-педагогикалық кадрларды даярлау мәселелері бойынша жазғы мектеп, 2017 ж.

- инклюзивті білім берудің бірінші облыстық фестивалі, 2019 ж.

- білім беру ортасын жақсартудағы мұғалімдердің көшбасшылығы, 2019 ж

- ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін мұғалімдерге арналған топтық қадағалау, 2020 ж.

- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарына арналған консультациялық және оқыту көмегі жөніндегі жоба, 2020-2021 жылдар.

- 2020 ж. Көкшетау қаласында АСД бар балалармен жұмыс бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс іске асырылды.

- Ақмола облысының екі қаласында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс – Степногорск және Көкшетау, 55-тен астам бала қамтылған, 2023 ж.

Жобалардың бір бөлігі бюджеттен тыс қаражат тарту есебінен іске асырылды.

Жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды білім беру ұйымдарына қосуда проблемалар бар:

- білім беру ұйымдары педагогтерінің инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа дайын еместігі (педагогтердің біліктілігін арттыруға мемлекеттік тапсырыс бойынша курстарға орын саны жеткіліксіз);

- арнайы білімі бар мұғалімдерге қажеттілік (дефектолог-мұғалімдер, логопед-мұғалімдер және т. б.);

- ата-аналардың хабардар болу деңгейінің жеткіліксіздігі (барлық ата-аналар баланың ерекшеліктерін мойындауға, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияда тексеруден өтуге дайын емес, ПМПК қорытындысын жасырады);

- инклюзивті білім беру саласындағы НҚА-ның жетілмегендігі (балабақшаларда педагог-ассистент лауазымының болмауы, педагог-ассистент лауазымының педагог лауазымдарының тізілімінде болмауы (ҚР БҒМ № 123 бұйрығы) ҚР БҒМ 130 бұйрығымен бекітілмеген және педагогтер ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жөніндегі құжаттарды жүргізу үшін міндетті емес деп санайды және т.б.

- білім беру ұйымын материалдық-техникалық жарақтандырудың жеткіліксіздігі;

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларға жағдай жасаған білім беру ұйымдары арнайы мектептердің филиалдарына айналады.

Шешу жолдары:

- инклюзивті білім беру бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша мемлекеттік тапсырысқа орындар санын көбейту;

- инклюзивті білім беру саласында НҚА жетілдіру.

***Тиімді білім беру ортасын құруда негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау мүмкіндіктері (ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 19 қосымша білім беру мектебі-орталығы» КММ директорының бейіні бойынша орынбасарының жұмыс тәжірибесінен В.В. Кравченко)***

Өскемен қаласында негізгі және қосымша білім беру жүйесінде инклюзивті практика бірінші жылдан бері енгізіліп келеді. 2015-2016 оқу жылында 25 жобаның ішінде Өскемен қаласының қосымша білім беру ұйымдарына инклюзивті тәжірибелерді интеграциялау жоспары болып табылатын «Мен, сен, ол – бірге тату отбасы» жобасы құрылды.

Бұл жоба бүгінгі күнге дейін өзекті. Жыл сайын жоба шеңберінде педагогтерге арналған оқыту семинарлары өтеді, Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі қосымша білім беру мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар санына мониторинг жүргізеді.

«№19 қосымша білім беру мектеп-орталығы» КММ-де (бұдан әрі - № 19 ШБО) ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс тәжірибесі 2002 жылдан бастап тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған алғашқы

түзету сыныптарының ашылуымен басталады. 2019 жылы ата-аналардың өтініші және қала мен облыс басшылығының шешімі бойынша мектеп базасында зағип және нашар көретін балаларға арналған сыныптар ашылды. Арнайы сыныптармен қатар мектепте жалпы білім беретін сыныптар жұмыс істейді, оларда ерекше білім беруді қажет ететін балалар оқиды. Оқыту нысандарын таңдау білім алушылардың ата-аналарына ҚР заңнамасына сәйкес ұсынылады.

Интеграция Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығына сәйкес біріктірілген білім беру ұйымының құрылымына сәйкес келетін № 19 қосымша білім беру мектеп-орталығы құрылымының өзінде қаланғанын атап өту маңызды [93].

Қосымша білім беру мектебі – бұл жалпы білім беретін мектеп, оның құрылымында қосымша білім беру орталығы жұмыс істейді.

Қосымша білім беру жүйесі нақты қызметке негізделген: жеке және ұжымдық, еңбек және зияткерлік, мәдени және әлеуметтік маңызды. Осыған байланысты қосымша білім берудің оң тәжірибесін жалпы білім беру мазмұнына аудару ерекше маңызды болып саналады. Яғни, жеке білім беру траекторияларын, таңдаудың дербестігі мен еріктілігін, оқытудың шығармашылық процесін және табысқа сөзсіз бағдарлануды іске асыру қажет, өйткені бұл жағдайлар білім алушылардың неғұрлым толық дамуына ықпал етеді. Мысалы, арнайы сыныптарда оқитын көру қабілеті зақымдалған балалар «Гармония» мектеп жанындағы қосымша білім беру орталығында жалпы білім беретін ортадағы сабақтарға қатысады. Осылайша, инклюзивті білім беру процесі жүзеге асырылады.

Қосымша білім беру баланың қызығушылықтары мен тілектерін ескере отырып, оның болашақ тағдырына айтарлықтай әсер ететін болашақ мамандықты игеру дағдыларын дамытудың максималды мүмкіндіктерін ұсынады. Көптеген балалар үшін бұл өмірлік маңызды практикалық дағдыларды игерудің негізгі және кейде жалғыз мүмкіндігі.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу үшін жағдай жасау үшін мектептің жұмысын ұйымдастыруға кейбір өзгерістер енгізілді. Ең алдымен, мектептің оқуға кедергі келтіретін ішкі және сыртқы кедергілерін анықтауға мүмкіндік беретін проблемаларды талдау жүргізілді.

Талдау нәтижелері бойынша бірқатар қиындықтар анықталды:

- педагогтердің көпшілігінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс тәжірибесі жоқ немесе олардың тәжірибесі жеткіліксіз;
- техникалық себептерге байланысты қиындықтар бар.

Педагогтердің ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу бойынша педагогикалық технологияларды қолдану дағдыларының болмауы қазіргі заманғы инклюзивті тәжірибелерді іске асырудың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселе үлкен жұмыс өтілі бар педагогтер үшін де өзекті, егер олар түзету педагогикасы мен арнайы психология бойынша білім алмаса, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен (мысалы, көру қабілеті нашар немесе есту қабілеті нашар) айналыспаса, олардың қабылдауы қалай ұйымдастырылған және баланы қалай оқыту керек деген сұраққа жауап бере

алмаса өзекті бола бермек. Қиындықтарды талдау негізінде оларды шешуге бағытталған бірқатар міндеттер белгіленді: педагогтің инклюзивті білімге деген көзқарасы мен ұстанымын өзгерту, стереотиптерді жеңу, кадрларды қайта даярлау, хабар тарату және оң тәжірибе алмасу.

Бүгінгі таңда № 19 мектеп педагогтерінің барлығы дерлік инклюзивті білім беру, оның ішінде Брайль әліпбиін қолдану, оқу бағдарламаларын іске асыру ерекшеліктері бойынша курстардан өтті.

«Гармония» қосымша білім беру орталығының білім беру қызметінің мақсаты білім беру процесінің барлық кезеңдерінде және әртүрлі өнер түрлерінің өзара әрекеттесуі негізінде көркемдік-эстетикалық білім беру мен білім алушыларды тәрбиелеуді жүзеге асыру арқылы жеке тұлғаны кәсіби-әлеуметтік дамыту болып табылады.

«Гармония» орталығында жұмыс келесі бөлімдер мен бағыттар бойынша өзгертілген бағдарламалар бойынша жүзеге асырылады:

1. Музыка (вокал, академиялық балалар хоры, аспаптық музыка (домбыра, гитара, синтезатор, ұрмалы аспаптар);
2. Бейнелеу өнері;
3. Хореография (ритмика, халықтық, заманауи, классикалық би және хореографиялық өнер тарихы);
4. Театр (драма театры, жүргізушілер мектебі);
5. Сәндік-қолданбалы өнер (монета, гравюра, тоқу, мүсіндеу, қыш жасау).

Даму мүмкіндіктері шектеулі балалар да осы бағдарламалар бойынша оқиды, айырмашылығы – тақырыптар бойынша практикалық тапсырмалар әр баланың мүмкіндіктеріне бейімделген, өйткені Орталық әртүрлі топтағы балалардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруға және қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Орталықтың тәрбиеленушілері сабаққа қуана қатысып қана қоймай, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге негізделген мақсатқа ие екендігін атап өту қажет. Мысалы, арнайы сынып білім алушылары барлық жалпы мектептік және қалалық іс-шараларға, сондай-ақ түрлі шығармашылық конкурстарға белсенді қатысады. Жыл сайын Орталықта шығармашылық конкурстардың көптеген жүлдегерлері байқалады, онда балалары өз жетістіктеріне қол жеткізіп, жүлделі орындарға ие болады. Мысалы, 2021-2022 оқу жылында зағип бала республикалық, содан кейін халықаралық музыкалық байқауда Гран-При иеленді.

Мектепте басқа құрдастарымен бірге оқу ерекше білім беруді қажет ететін балаға құрдастарымен тең дәрежеде сезінуге мүмкіндік береді. Осылайша, № 19 қосымша білім беру – мектеп орталығында оқу-тәрбие моделі сапалы білім алуға қолжетімділікті, сондай-ақ білім алушылардың барлық топтарын әлеуметтендіруді қамтамасыз етеді.

Негізгі және қосымша интеграцияның кең мүмкіндіктері өте айқын. Бірінші кезекте қосымша білім беру келесі бағыттар бойынша жалпы білім беру перспективаларын үйлесімді түрде кеңейтеді: бейіндеу (көпсалалы), ізгілендіру



(тұлғаның еркін дамуы үшін жағдайлар), әлеуметтену (әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру, әлеуметтік шығармашылықты дамыту), рухани-адамгершілік даму.

Интеграция процесінде барлық білім алушылардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың тәрбие процесі жүзеге асырылатынын атап өту маңызды. Сонымен қатар оның тиімділігі үздіксіз өзара әрекеттесуге және жалпы, арнайы және қосымша білім беру жүйелерін жетілдіруге байланысты.

Жалпы, қазақстандық мектептердегі инклюзивті тәжірибелерді іске асыру бойынша ағымдағы ахуалды талдау инклюзивті саясатты іске асыру үшін педагогтерге жүйелі негізде өзінің кәсіби құзыреттілігін, оның ішінде инклюзивті білім беру мәселелері бойынша НҚА-ны қолдану мәселелері бойынша арттыру, оң жұмыс тәжірибесін тарату, ерекше білім беруді қажет ететін балалар мәселелерімен айналысатын барлық мүдделі органдармен, соның ішінде ата-аналар, ғалымдар, қоғамдық ұйымдар өкілдерімен ықпалдастық орнату қажет. Сонымен қатар осы ұсынымдарды әзірлеу бойынша Инклюзивті білім беру орталығы жұмыс тобының мүшелерінен келіп түскен ұсыныстарды талдау инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру қажеттігін көрсетті.

### **3 Педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарын орындауы бойынша әдістемелік ұсынымдар**





Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық тәжірибе инклюзивті білім беруді дамытудың табысты факторларының бірі елімізде инклюзивті саясатты, инклюзивті мәдениетті және инклюзивті практиканы дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындайтын қалыптасқан нормативтік құқықтық базаның болуы болып табылатынын көрсетеді [44].



Әдістемелік ұсынымдардың бірінші және екінші бөлімдерін талдау, тұтастай алғанда, Қазақстанда Тәуелсіздіктің отыз жылында инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Қазақстанның белгілі бір нормативтік құқықтық базасы қалыптасқанын көрсетеді. Инклюзивті саясатпен бір мезгілде инклюзивті практика, инклюзивті мәдениет дамуда. Бұл ретте соңғы үш жылда елде жүргізілген ғылыми зерттеулердің деректері, статистикалық деректерді талдау, өңірлік тәжірибе елімізде инклюзивті білім беру саласындағы проблемалық мәселелердің бар екендігін көрсетеді: педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге дайын еместігі, мектеп әкімшілігінің білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау жөніндегі, оның ішінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауда сабақтастықтың болмауы, педагогтердің, ППҚҚ мамандарының білім алушылардың ата-аналарымен өзара іс-қимылының жеткіліксіз деңгейі, қауіпсіз психологиялық орта құру бойынша мектептердің жеткіліксіз жұмысы, инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоішілік және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың болмауы, инклюзивті білім беру саласындағы НҚА жетілмегендігі. Отандық тәжірибені зерделеу сонымен қатар еліміздің педагогтерінің НҚА-ны күнделікті инклюзивті тәжірибеде қолдануда қиындықтарға тап болғанын көрсетті.





Осыған байланысты осы бөлімнің міндеті инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету болып табылады. Бөлім барлық балаларға сапалы білім берудің қолжетімділігіне қатысты мәселелер бойынша кейбір нормативтік құқықтық құжаттарға шолу жасаудан басталады. Бұдан әрі 2022 жылы БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА Инклюзивті білім беру орталығымен әдістемелік ұсынымдарды түсіндіру бойынша вебинарлар сериясын өткізу барысында анықталған проблемалық мәселелерге шолу ұсынылып, оларды шешу жөніндегі ұсынымдар сипатталатын болады. Бөлім соңында 2021-2023 жылдар кезеңінде БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА Инклюзивті білім беру орталығымен жүргізілген зерттеу барысында анықталған инклюзивті білім беру саласындағы проблемалық мәселелер бойынша ұсынымдар ұсынылатын болады.




**Барлық балаларға сапалы білім берудің қолжетімділігіне қатысты мәселелер бойынша кейбір нормативтік құқықтық құжаттарға шолу**



№ р/с	Барлық балаларға сапалы білім берудің қолжетімділігі мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық құжаттарға шолу	
<b>Халықаралық құжаттар</b>		
1	<b>«Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» БҰҰ Конвенциясы (1960 ж.)</b>	
	Негізгі идея: білім берудің жалпыға қолжетімділігі және оқыту сапасына қатысты тең жағдайлар құқығы. ҚР 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 449-V ҚРЗ Заңымен ратификацияланды  URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000449/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000449/compare</a>	
2	<b>«Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы (1989 ж.)</b>	
	Негізгі идея: ешқандай кемсітусіз тегін және міндетті білім алу құқығы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен ратификацияланды  URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400_/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400_/compare</a>	
3	<b>«Мүгедектердің құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы (2006 ж.)</b>	
	Осы Конвенцияның мақсаты барлық мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен негізгі бостандықтарының толық және тең жүзеге асырылуын көтермелеу, қорғау және қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға тән қадір-қасиетті құрметтеуді көтермелеу болып табылады. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V ҚРЗ Заңымен ратификацияланды URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000288/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000288/compare</a>	
<b>Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық құжаттары</b>		
1	<b>Қазақстан Республикасының Конституциясы, Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды</b>	

	30-бап. 1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті. URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_/compare</a>	
2	<b>«Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі»</b> Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы	
	Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуы тиіс. URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2100002021/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2100002021/compare</a>	
3	<b>«Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы»</b> Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы	
	3-жалпыұлттық басымдық. Сапалы білім 1-міндет. Білім беру саласындағы қолжетімділік пен теңдікті қамтамасыз ету Барлық білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалады URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636/compare</a>	
4	<b>«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы»</b> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 Қаулысы	
	2. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары 8. Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары, 29-т. URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/P080000077_/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/P080000077_/compare</a>	
5	<b>«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы»</b>	



	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы	
	1-қосымша. Азаматтық қызметшілердің (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлері лауазымдарының функционалдық блоктар бойынша сыныптамасы 2-тармақ, 4-тармақша. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істегені үшін қосымша ақы URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1500001193/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1500001193/compare</a>	
6	<b>«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы»</b> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысы	
	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспардың (бұдан әрі – Ұлттық жоспар) мақсаты Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялауға байланысты Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттемелерді іске асыру және Қазақстанның 2030 жылға дейінгі әлеуметтік жаңғыруы шеңберінде барлық осал топтар үшін қолайлы орта құру арқылы инклюзивті қоғам қалыптастыру болып табылады.  URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000326/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000326/compare</a>	
7	<b>«Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы»</b> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысы  URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000156/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000156/compare</a>	
	Жол картасы баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасындағы суицид	




	<p>мәселелерін шешудің 2020-2023 жылдарға арналған негізгі іс-шараларын айқындайды</p> <p>URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000156">https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000156</a></p>	
8	<p><b>«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы</b>  <b>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы</b></p>	
	<p>3-міндет. Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000726/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000726/compare</a></p>	
9	<p><b>«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы»</b>  <b>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы</b></p>	
	<p>5-бөлім. Негізгі қағидаттар мен тәсілдер  2-бағыт. Орта білім беру жүйесі арқылы саналы және жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру  2-параграф. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін орта білімнің қолжетімділігі</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249/compare</a></p>	
10	<p><b>«Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021 - 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы»</b>  <b>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 112-ө өкімі</b></p>	
	<p>Жол картасы Қазақстан Республикасының орталық, жергілікті атқарушы органдарымен, өзге де мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі іс-шараларды уақтылы қамтамасыз ету мақсатында әзірленді</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/R2000000112/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/R2000000112/compare</a></p>	
11	<p><b>«Балалардың хал-ахуал индексін бекіту туралы»</b>  <b>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-ө өкімі</b></p>	



	Индекс балалардың хал-ахуалын және әртүрлі салаларда балаларға жағдай жасауға бағытталған ұлттық саясаттың тиімділік дәрежесін бағалау мақсатында әзірленді.  URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/R2200000021/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/R2200000021/compare</a>	
	<b>ҚР Заңдары</b>	
12	<b>«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»</b> Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы	
	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар 3-бап. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау, оның мақсаттары, міндеттері мен принциптері 6-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті 8-бап. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыреті 9-бап. Кемтар балаларға медициналық, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар 10-бап. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар 11-бап. Кемтар балаларға білім беруді ұйымдастыру 14-бап. Кемтар балаларды еңбекке даярлау және оларға кәсіби білім беру 15-бап. Кемтар балалардың құқықтары 16-бап. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің құқықтары  URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_/compare</a>	
13	<b>«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»</b> Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы	
	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар 4-бап. Балалардың тең құқықтылығы 15-бап. Баланың білім алуға құқығы 31-бап. Мүгедектігі бар баланың толыққанды өмірге құқықтары	



	URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345_/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345_/compare</a>	
14	<b>«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы</b> Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы	
	9-бап. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар 11-бап. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары 12-бап. Білім беру органдарының құзыреті 19-бап. Жеке профилактикасы шаралары 20-бап. Жеке профилактикасы шараларын жүргізудің негіздері 22-бап. Өздеріне қатысты жеке профилактика шаралары қолданылатын адамдардың құқықтары URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z040000591_/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z040000591_/compare</a>	
15	<b>«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы»</b> Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңы.	
	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар 9-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті 15-бап. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау 25-бап. Мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз ету 29-бап. Мүгедектігі бар адамдарға білім алуы және мектепке дейінгі тәрбие алуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000039_/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000039_/compare</a>	
16	<b>«Білім туралы»</b> Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы	
	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар	








	<p>5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті  6-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті  8-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер  11-бап. Білім беру жүйесінің міндеттері  14-бап. Білім беру бағдарламалары  19-бап. Арнайы оқу бағдарламалары  26-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына қабылдауға қойылатын жалпы талаптар  31-бап. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру  43-бап. Білім беру ұйымдарының құзыреті  44-бап. Білім беру ұйымдарын басқару  45-бап. Еңбек қатынастары және білім беру ұйымы басшысының жауапкершілігі  49-бап. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері  56-бап. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары  62-бап. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік қаржыландыру</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_/compare</a></p>	
17	<p><b>«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы»</b>  Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңы</p>	
	<p>1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар  6-бап. Адам (отбасы) өмірлік қиын жағдайда деп танылуы мүмкін негіздер  10-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті  14-бап. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000114_/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000114_/compare</a></p>	
18	<p><b>Педагог мәртебесі туралы</b>  Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.</p>	





	<p>Заң педагог мәртебесін айқындайды, педагогтің құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293/compare</a></p>	
19	<p align="center"><b>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»</b></p> <p align="center">Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ</p>	
	<p>Заңға сәйкес 4 Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген:</p> <p>«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.</p> <p>«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.</p> <p>«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 Заңы</p> <p>«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000056/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000056/compare</a></p>	
<b>ҚР бұйрықтары</b>		
20	<p align="center"><b>«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»</b></p> <p align="center">Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығы</p>	
	<p>2-тарау. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібі</p> <p>3-тарау. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005191_/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005191_/compare</a></p>	



21	<p align="center"><b>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»</b></p> <p align="center">Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы N 272 Бұйрығы</p>	
	<p>Қағидалар білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін айқындайды.</p> <p>3-т. Педагогикалық кеңес:</p> <p>4) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;</p> <p>13) оқуы мен тәрбиесінде тұрақты қиындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру мәселелерін қарастырады.</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005229_/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005229_/compare</a></p>	
22	<p align="center"><b>«Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы»</b></p> <p align="center">Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығы</p>	
	<p>3-тарау. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру</p> <p>1-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының басшысы (директор, меңгерушісі)</p> <p>3-параграф. Бастауыш білім беру ұйымы басшысының (директорының) орынбасары</p> <p>4-параграф. Білім беру ұйымы (негізгі орта, жалпы орта) басшысының (директорының) оқу жұмысы жөніндегі орынбасары</p> <p>5-параграф. Білім беру ұйымы (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) басшысының (директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары</p>	

	<p>6-параграф. Білім беру ұйымы (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) басшысының (директорының) бейіндік оқыту, ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары</p> <p>7-параграф. Барлық мамандықтардың пән мұғалімдері</p> <p>9-параграф. Педагог-психолог, білім беру ұйымдарының психологі</p> <p>10-параграф. Орта білім беру ұйымдарының арнайы педагогі (мұғалім-дефектолог, дефектолог, мұғалім-логопед, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог)</p> <p>11-параграф. Білім беру ұйымының педагог-ассистенті</p> <p>12-параграф. Білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогі</p> <p>13-параграф. Педагог-кәсіби бағдар беруші</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_/compare</a></p>	
23	<p><b>«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»</b>          Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығы</p>	
	<p>Ерекше білім беретін білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларын қоса алғанда, білім берудің барлық деңгейлері бойынша үлгілік оқу жоспарлары</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008170/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008170/compare</a></p>	
24	<p><b>«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы»</b>          Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы</p>	
	<p>Бұйрық барлық деңгейдегі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін, олардың нысандарын айқындайды</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317/compare</a></p>	



25	<p align="center"><b>«Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы»</b> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 Бұйрығы</p>	
	<p>Қағидалар білім беру ұйымдарының түрлерін түрлері бойынша, білім беру деңгейлері бойынша, оқыту бейіні бойынша, оқытуды ұйымдастыру шарттары бойынша айқындайды URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008390">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008390</a></p>	
26	<p align="center"><b>«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»</b> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 Бұйрығы</p>	
	<p>219-323 қосымшалар. Жаңартылған мазмұн бойынша негізгі Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары 385-390 қосымшалар. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары 441-545 қосымшалар. Жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары 546-609 қосымшалар. Жаңартылған мазмұн бойынша бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары 638-713 қосымшалар. Жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары 715-730 қосымшалар. Жаңартылған мазмұн бойынша бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008424/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008424/compare</a></p>	


27	<p align="center"><b>«Мүгедектігі бар адамдарды абилитациялаудың және оңалтудың кейбір мәселелері туралы»</b></p> <p align="center">Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығы</p>	
	<p>1-қосымша. Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсыну қағидалары</p> <p>URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010370/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010370/compare</a></p>	
28	<p align="center"><b>«Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы»</b></p> <p align="center">Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы</p>	
	<p>Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды беру қағидалары</p> <p>2-тарау. Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарды беру тәртібі</p> <p>URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010348/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010348/compare</a></p>	
29	<p align="center"><b>«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы»</b></p> <p align="center">Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы</p>	
	<p>2-қосымша. Жалпы білім беру және арнайы білім беру ұйымдарындағы топтардың (сыныптардың) толтырылуы</p> <p>URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023890/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023890/compare</a></p>	
30	<p align="center"><b>«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы»</b></p> <p align="center">Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы</p>	





	<p>Ереже оқу-тәрбие процесі шеңберінде сынып оқушыларының қызметін үйлестіру бойынша педагогке жүктелген сынып жетекшісінің функцияларын айқындайды.</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013067/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013067/compare</a></p>	
31	<p><b>«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы»</b>          Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы</p>	
	<p>Осы бұйрыққа сәйкес білім беру ұйымдары ерекше білім беруді қажет ететін балалардың барлық санаттары үшін білім беру ұйымдарында түзету-дамыту ортасын құру үшін жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етіледі.</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013272/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013272/compare</a></p>	
32	<p><b>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»</b>          Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы</p>	
	<p>1-параграф. Біліктілік бағалауын өткізу тәртібі, 65-т.</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013317/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013317/compare</a></p>	
33	<p><b>«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы»</b>          Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы</p>	
	<p>Қағидалар біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі</p>	


	сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013420/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013420/compare</a>	
34	<b>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы»</b> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы	
	Әдістеме мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің (бұдан әрі – білім берудің барлық деңгейлері) жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативін есептеуде бірыңғай тәсілдемені айқындайды және білім беру ұйымының жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру көлемі мен мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін жоспарлау үшін қолданылады.  URL: <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700016137/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700016137/compare</a>	
35	<b>«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы»</b> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы	
	Қағидалар бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың тәртібін, сондай-ақ «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» және «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды	



	<p>ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тәртібін айқындайды.</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017553/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017553/compare</a></p>	
36	<p><b>«Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы»</b>          Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы</p>	
	<p>1-қосымша. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету қағидалары;          2-қосымша. «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік көрсетілетін көрсету қағидалары;          3-қосымша. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін көрсету қағидалары;          4-қосымша. «Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін көрсету қағидалары.</p> <p>URL:  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020744/compare">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020744/compare</a></p>	
37	<p><b>«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы»</b>          Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы</p>	
